ALMATY AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №100–101 (6779) 30 қазан, жұма, 2026 жыл | www.aqshamnews.kz

12+

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша сайлау округінің тиісті сайлау учаскелері аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін **отыз күннен кешіктірмей,** яғни **2026 жылғы 29 қазанға** дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты ол дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 13 қарашадан бастап сайлаушыларға нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміндегі немесе тиісті әкімдіктің колл-орталығы арқылы өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

TikTok

@AQSHAM_NEWS

«ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

Қадірлі отандастар!
Құрметті Құрылтай депутаттары және Үкімет мүшелері!

Бүгін мен Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауымды жариялаймын. Бұл Жолдаудың мәні де, мазмұны да айрықша.

25 қазанда ұлттық мерекеміз – Республика күнін атап өттік. Осы күні Егемендік туралы декларация қабылданды. Біз дербес ел болу жолында батыл қадам жасадық. Көп ұзамай Тәуелсіздік туын биікке көтеріп, елдігіміздің іргесін бекіттік.

Міне, биыл қасиетті Тәуелсіздігімізге 35 жыл толып жатыр. Бұл тарихи меженің ұлт шежіресінде алатын орны бөлек.

Биыл наурыз айында халқымыз мемлекеттігіміздің негізгі тірегін – Конституциямызды қабылдады. Бұл тұтас еліміз үшін тарихи мән-маңынасы терең оқиға болды.

Конституцияны бірнеше ұрпақтар арасындағы қастерлі келісім деп атауға болады. Өйткені, Конституцияда Қазақстанның қазіргі бітім-болмысы мен болашақтағы бейнесі нақты айқындалды.

Азаматтарымыз жаппай қолдаған Конституция 1 шілдеде заңды күшіне еніп, еліміздің саяси жүйесінің түбегейлі жаңғыруына, жаңа билік институттарының құрылуына үлкен серпіліс берді. Жұртымыз жарқын болашаққа бастайтын ауқымды жұмысты атқаруға белсенді түрде кірісті.

Ел өміріндегі тарихи өзгерістердің барлығы халықтың көз алдында болып жатыр. Бұл мәселе аса маңызды болса да, көп сөз айтудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Бүгін мен еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі ойларыммен бөлісемін, алдағы мақсат-міндеттерге тоқталамын.

Ашығын айтсақ, бүгінде тәуелсіздігіміз бен егемендігімізді қорғауға қатысты барлық мәселе әлі толықтай шешімін тапқан жоқ. Бұл – алдымызда көптеген өзекті міндет тұр деген сөз.

Жұмысты ойдағыдай орындау үшін, ең алдымен, бүкіл қоғамымыз тату болуы керек. Бірлік пен келісім болмаса, ешқандай реформа және ілгерілеу болмайтыны айдан анық.

Қазір жаһандық сын-қатерлер әлдеқайда қауіпті сипат алған кезде қоғамымызда талап пен тәртіпке басымдық беруіміз қажет.

Қазіргі таңда әлем елдері арасында ақылға қонымсыз жалған айыптаулар, астыртын текетірестер күшейді, ал алпауыт, ықпалды мемлекеттердің арасында жаппай өзара сенім дағдарысы пайда болды.

Бақылаусыз, жүйесіз көші-қон ағындары әлдеқайда көбейді, бұл бірнеше еуропалық елдің қауіпсіздігіне үлкен зиян келтіргеніне көзіміз жетті.

Біріккен Ұлттар Ұйымының абырой-беделі үлкен тоқырауға ұшырады. Халықаралық құқықтың құндылығы төмендеп кетті. Қысқасы, қазіргі әлем бұлыңғыр дәуірге аяқ басты, оның келешегі қандай болатыны туралы саясаткерлер мен сарапшылар арасында біртұтас пікір жоқ.

Күллі әлем жұртшылығы аласапыран кезеңде өмір сүріп жатыр десек, артық болмас. Мұндай күрделі, болжамсыз ахуал «қырғи-қабақ соғыс» кезінде де болмаған еді.

Дәл осындай құбылмалы заманға қарамастан, Қазақстан ел дамуының жаңа дәуіріне үлкен сеніммен қадам басып, кең ауқымды саяси реформаны іске асырды. Бұл – дүние жүзінде өте сирек кездесетін құбылыс.

Енді алдағы уақытта да еліміздің егемендігін нығайтуымыз керек. Бұл – қазіргі әлемдегі бұлыңғыр ахуалда ішкі тұрақтылықты сақтай отырып, өсіп-өркендеу деген сөз.

Осы жолда бүкіл қоғам, соның ішінде отаншыл, белсенді, білімді азаматтар қарқынды еңбек етуі керек. Құрылтай депутаттарына да үмітім зор.

Осындай жағдайда мемлекеттік аппарат пен құқық қорғау мекемелерінің рөлі аса маңызды екені барша-ңызға түсінікті.

Басқаша айтқанда, қазіргі буын өкілдері, яғни біз келе жатқан жас ұрпақтарға жоспарлар мен тұжырымдар емес, экономикасы қуатты және қарқынды, жоғары технологиялары дамыған, білім мен ғылымға негізделген, заңды мойындайтын, жасампаз әрі озық, геосаяси тұрғыдан күші мен ықпалы бар Қазақстанды қалдыруымыз керек.

Бұл – ұлтымыздың алдында тұрған нағыз стратегиялық міндет.

(Жалғасы 2-6-беттерде).

«ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың

Құрметті депутаттар!
Құрметті Үкімет мүшелері!

Еліміз ұдайы қарқынды дамуы үшін ауқымды міндеттерді сапалы әрі жедел іске асыру өте маңызды.

Азаматтарымыз толыққанды әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтылуы керек. Бұл – халықтың тұрмыс сапасын көтерудің маңызды шарты.

Сондықтан басты назарды инфрақұрылым құру ісіне аударамыз.

Бұған дейін де айттым: Қазақстан ауқымды құрылыс алаңына айналуға тиіс. Мәселе жекелеген жобаларға қатысты болып отырған жоқ.

Жалпы, барлық аймақта жаппай құрылысты бастап, жандандыру қажет.

Бірінші кезекте, жан-жақты зерттеу және талдау жүргізіп, облыстардың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт нысандарына деген қажеттілігін егжей-тегжей анықтау жұмысын тез арада толығымен бітіру керек.

Біз ауыл-аймақтарды дамыту мәселесін әрдайым ерекше бақылауда ұстаймыз. Ауылдағы тұрғындардың лайықты өмір сүруі үшін барынша жағдай жасап отырмыз.

Алайда, қазір экономика, білім мен технологияның тірегі де, таланттарды шыңдайтын да негізгі қалалар екенін атап өткен жөн.

Сайып келгенде, қуатты қалалар қуатты аймақтардың, ал қуатты аймақтар күшті мемлекеттің негізін қалайды. Сондықтан әрбір ірі қаланың Үкімет бекіткен нақты орта және ұзақ мерзімдегі даму жоспары болуға тиіс.

Сонымен қатар, қала ресурсын тиімді басқару үшін Үкімет әкімдіктермен бірлесіп, қала инфрақұрылымының цифрлық сыңарын көп ұзамай әзірлеуге тиіс.

Қалалардың қауіпсіз, жайлы, көрікті болуына басымдық, яғни приоритет ретінде қарай отырып, бұл істі аса маңызды мемлекеттік міндет деп қабылдау керек. Бұл – «Таза Қазақстан» жалпыұлттық тұжырымдамасына толық сай келетін талап.

Егер қала қарқынды дамитын болса, сол өңірдің экономикасы да өркендейді, адами әлеуеті де артады.

Осы орайда әлеуметтік-экономикалық маңызы бар нысандар салуға және оны жаңғыртуға ерекше мән береміз. Бұған біздің күшіміз де, мүмкіндігіміз де жетеді.

Халықаралық валюта қоры ұсынған болжамға сәйкес, биыл еліміздің жалпы ішкі өнімі 400 миллиард долларға жуықтайды. Оның жан басына шаққандағы үлесі 19 мың доллардан асатын болды.

Еліміз экономикасының көлемі жағынан әлемде 47 орынға көтеріледі. Бұл – халқының саны бізден әлдеқайда көп бірқатар елдің көрсеткішінен жоғары деңгей деген сөз.

Өңдеу өнеркәсібі де қарқынды дамуда. Оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 14 пайыздан асты. Бұл – ұлттық экономиканы әртараптандыру бағытында жүргізілген жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі.

Алтын-валюта резерві мен Ұлттық қор активтерінің көлемі 130 миллиард доллардан асты.

Енді осы қуатты әлеуетімізді инфрақұрылымды жаңғыртуға, еліміздің әр аймағын көркейтуге бағыттауымыз қажет.

Сондықтан мен бұған дейін айтқан ауқымды құрылыс бастамасын белсенді түрде жүзеге асыруды тапсырамын. Соған сәйкес бүкіл ел бойынша аса қажетті әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылым нысандары салынады.

Үкімет бұрын-соңды болмаған Инфрақұрылымдық жаңғыру жоспарын әзірлейді. Бұл ауқымды жұмысты іске асыру үшін 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен, 6,5 триллион теңге бөлінеді. Биыл және 2027 жылдың алғашқы екі айы ішінде әлеуметтік жобаларды іске қосу үшін 1,5 триллион теңге көлемінде қаражат қарастыру қажет.

Ұлттық қордың ең басты мақсаты, миссиясы – ел байлығын ұқыпты ұстау және одан әрі арттыру, сондай-ақ, оны қазіргі және келешек ұрпақтың игілігіне жарату.

Ұлттық қор көп жылдар бойы осы негізгі міндетті лайықты орындап келеді, яғни қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге зор үлес қосуда.

Жас ұрпақтың игілігін ойласақ, бұл бағытта қазірден бастап нақты әрі батыл қадамдар жасауымыз керек. Өзекті мәселелерді кейінге қалдыруға болмайды. Әр мәселе өз шешімін табуға тиіс. Басты талап – осы. Кейінгі буынға өркениетті, озық, жаңарған мемлекетті аманат етуіміз керек. Бұл – біздің міндетіміз және келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз.

Бір сөзбен айтқанда, біз осы тарихи жауапкершілікті терең сезіне отырып, өскелең ұрпақтың игілігі үшін мол қаржы қалдырумен қатар, технологиялық тұрғыдан өркендеген, бәсекеге қабілетті әрі күшті экономикасы, озық инфрақұрылымы бар, өмір сүру үшін қолайлы, әр азаматтың өзін-өзі дамытуына барлық жағдай жасалған жаңа тұрпатты мемлекет құрып, аманат етуіміз керек.

Мұны ең басты міндетіміз, тіпті тарихи маңызы бар миссиямыз деп айтуға болады.

Бұл – адам капиталын дамытуға, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға, яғни ел болашағына салынатын ұзақ мерзімге арналған инвестиция.

Бірақ Ұлттық қордың ресурсын жинақтау және оны пайдалану арасында теңгерім сақталуға тиіс. Қаражатты тек қоғамға барынша пайдалы дүниеге ғана жарату керек.

Ең бастысы, жұмсалған ақшаның экономикалық және әлеуметтік қайтарымы болуы қажет. Өйткені, бөлінетін мемлекет қаражатының негізгі мақсаты – халықтың әл-ауқатын көтеру.

Тиісті жобаларды жүзеге асыруға материалдық-техникалық жағдайы жақсы және мол тәжірибесі бар жергілікті жердегі шағын және орта бизнес өкілдерін тартқан жөн. Бүкіл құрылыстың барысы қатаң бақылауға алынады.

Бірінші кезекте аймақтарда 70-ке жуық денсаулық сақтау нысаны салынады.

Перзентханалар, ауруханалар, жедел медициналық көмек көрсету станциялары, балаларға арналған оңалту орталықтары мен ерекше балалардың сұранысына сай спортзалдар бой көтереді.

Сондай-ақ, 50-ге жуық білім беру, спорт және мәдениет мекемелерінің құрылысы басталады.

Осындай аса қажетті, сапалы нысандардың құрылысын жедел түрде бастап, көп ұзамай іске қосуымыз керек. Бұдан бөлек, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына қомақты қаржы бөлінеді. Көптеген елдімекендерге газ және таза ауыз су тартылады.

Үкімет жыл соңына дейін нақты жобалардың бастапқы тізімін әзірлейді. Бұл тізім барлық аймақты қамтуы керек.

Біз халқымыздың артып отырған зор үмітіне лайық болуымыз қажет.

Бұл жоспарымыз ел игілігін арттыруға арналып отыр, басқа астарлы ойымыз жоқ. Сондықтан осы үлкен құрылыс қозғалысына «Халықтық құрылыс» деген атау берсек, қарсылық болмас деп сенемін.

«Халықтық құрылыс» бағдарламасы азаматтардың әл-ауқатын арттыратын, кәсіпкерліктің өркендеуіне, дамуына, ұлттық экономиканы жандандыруға зор ықпал ететін төл тарихымыздағы ең үлкен инфрақұрылымдық жоба болмақ.

Аталған бастама жүз мыңдаған адамды жұмыспен қамтиды, оның игілігін тұтас халқымыз, әсіресе, өскелең ұрпақ көреді деп кәміл сенемін.

Келесі мәселе. Логистика инфрақұрылымын дамытуға баса мән беру қажет. Бұл – еліміздің өсіп-өркендеуіне ықпал ететін маңызды фактордың бірі.

Қазіргі таңда логистика мәселесімен барлық елдер айналысуда. Дамыған көлік логистикасы болмаса, тіпті, бүгінгі күшті ел ертең құрдымға кетеді.

Келесі жылы елімізде «Бақты – Аягөз» теміржол желісі іске қосылады. Жаңа бағыттың арқасында Қытаймен арадағы жүк өткізу мүмкіндігі 20 миллион тоннаға артады.

Тамыз айында «Арал – Каспий» күре жолының құрылысы басталды. Бұл жоба Транскаспий дәлізінің қашықтығын шамамен, 1 мың шақырымға қысқартып, жүк жеткізу мерзімін үш күнге дейін азайтады.

Үкімет осы салада қолға алынған барлық жобаның сапалы әрі уақытылы орындалуын қатаң бақылауға алады.

Қазір әлем логистикасы ауқымды өзгерістер және қарқынды даму кезеңін бастан өткеріп жатыр.

Теңіз жолдарындағы тұрақсыз жағдай құрлықтағы көлік дәліздерінің стратегиялық маңызын арттыра түсті.

Қазақстан іс жүзінде Еуразиядағы жетекші логистикалық орталықтың біріне айналуы үшін осы тарихи мүмкіндікті мүлт жібермеуге тиіс.

Қазірдің өзінде Қытайдан Еуропа құрлығына тасымалданатын жүктің 85 пайызы біздің аумағымыз арқылы өтеді.

Алайда, барға қанағат етіп, тоқмейілсіп отыру – болашақта көш соңында қалу деген сөз.

Біз халықаралық жүк тасымалы ағындарының толыққанды ұйымдастырушысы болуымыз керек.

Бұл үшін отандық логистикалық операторларды дамытып, жүктерді шоғырландырумен және бөлумен айналысатын орталықтар құруға баса назар аударған жөн.

Сондай-ақ, көлік тораптарының айналасынан жаңа өндірістер мен сауда орындарын ашу маңызды.

Біз Қазақстанның барлық аймағын байланыстыратын, яғни еліміздің транзиттік әлеуетін күшейтетін заманауи, өте дамыған теміржол және көлік жолдарының тұтас желісін құруымыз керек. Бұл – стратегиялық міндет.

Еліміз арқылы тасымалданатын жүк көлемі жыл сайын ұлғайып келеді. Демек, біздің алдымызда жол инфрақұрылымын жақсарта түсу міндеті әлі де тұр. Бұл, әсіресе, солтүстік аймақтарға қатысты өзекті мәселе.

Сондықтан ендігі кезекте «Көкшетау – Петропавл» тас жолын кеңейту ісіне кірісу керек.

Автокөлікпен жүк тасымалдайтын отандық кәсіпкерлерімізге жәрдем көрсету қажет. Себебі, Қазақстан арқылы өтетін автокөлік транзитінің жартысынан көбі шетелдіктерге тиесілі. Осы саланы да ретке келтіретін уақыт келді, Үкімет тиісті іс-әрекеттерді қолданады.

Негізгі мақсат – еліміздің жолдарының әлеуетін нығайтып, азаматтарымыздың табысын арттыру.

Келесі жылы еліміздегі автокөлік өткізу бекеттерін түгелдей сапалы жаңғырту жұмыстары аяқталуға тиіс. Күні кешеге дейін бұл жұмыс атүсті атқарылып келді.

Алдымызда республикалық және жергілікті деңгейдегі барлық жолдарды сапалы салуға қатысты аса маңызды міндет тұр.

Бұл салада мәселе аз емес. Орталық және жергілікті атқарушы органдар қолданыстағы ережелер мен регламенттерді алға тартып, мәселені шешуді созбалаңға салады. Соның салдарынан мәселе қордаланғанның үстіне қордаланып, әбден тығырыққа тірелгені жасырын емес.

Сондықтан менің тапсырмама сәйкес, еліміздегі бүкіл жолдың 26 пайызын алып жатқан республикалық (орталық) және әкімдіктердің қарауындағы жергілікті жолдарға қатысты барлық мәселемен Үкімет, соның ішінде Көлік министрлігі айналысуға тиіс.

Қайталап айтамын: Бізге сапасы өте жоғары жолдар керек.

Битум мен қиыршық тастардың сапасын алға тартып, сылтау айтуға жол берілмейді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ»

Қазақстан халқына Жолдауы

Естеріңізге салайын: қызмет көрсетуге арналған заманауи инфрақұрылымы бар сапалы жолдар болмаса, Қазақстан жаһандық деңгейдегі транзиттік аймаққа, яғни Еуразияның көлік-логистикалық орталығына айнала алмайды. Бұл жұмыстардың түпкі мәні – осында. Біз бұл міндетті қалайда орындауымыз керек.

Егер шекарамыз көлік қозғалысын тежеп, ұзын-сонар кептеліс туындататын «тар өткелге» айналса, Қазақстан бұл салада көшбасшы болады деп айтудың өзі орынсыз. Қазір осы күйді кешіп отырғанымыз жасырын емес.

Еуропа мен Азияның арасын жалғайтын негізгі әуе дәліздері еліміздің аумағы арқылы өтеді.

Бұл – біздің бәсекеге қабілетімізді арттыра алатын басымдығымыз. Алайда, осы артықшылығымыз әзірге қағаз бетіндегі әсерлі есеп күйінде ғана қалып отыр.

Осы басымдығымызды тиімді пайдалану үшін жерде қызмет көрсетуге арналған озық инфрақұрылым құру қажет. Бұл – әлемде бар тәжірибе. Ал әзірге қыруар табыс уысымыздан шығып кетіп жатыр.

Жеке «Air Cargo» компаниясына зор үміт артылды. Бұл компанияның қаржылық әлеуеті зор. Шетелдің үздік мамандарына жалақы төлеуге де мүмкіндігі мол. Дербес шешім қабылдай алады. Дегенмен, әзірге қабылданған шешім де, нақты нәтиже де жоқ.

Сіздерге зор сенім артылып отыр. Енді нәтиже күтеміз.

Қазір Қазақстанда бірнеше әуежайдың құрылысы қатар жүргізіліп жатыр. Мұндай нысандарды бір мезетте салу тәжірибесі ел тарихында бұрын-соңды болмаған.

Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіру жұмысы аяқталды, таяуда Зайсан, Катонқарағай, Кендірлі әуежайлары іске қосылады.

Келесі жылы осы саладағы әлемдік ірі компаниялардың бірін тарта отырып, Астанада жаңа әуежайдың құрылысын бастаймыз.

Қазақстан Еуразияның негізгі көлік хабы болуы үшін көптеген маңызды міндетті орындауға тиіс. Бірінші кезекте көлік саласын, соның ішінде халықаралық бағыттарды толық цифрландыру қажет.

Жасанды интеллект дәуірінде жаһандық транзит ағындарын қағаз жүзінде басқару – ақылға қонымсыз іс. Бұл – құрдымға апаратын ең төте жол.

Қазіргі жағдайда қуат көзінің жеткілікті деңгейде болуы әр мемлекеттің бәсекеге қабілетін, тіпті экономикалық дербестігін айқындайтын шешуші факторға айналды.

Осы кезеңді шын мәнінде «электр дәуірі» деп айтуға болады. Қазақстан өзінің шикізаттық артықшылығын энергетикалық және технологиялық тұрғыдан өрлеу үшін пайдалануға тиіс. Бұл – айрықша маңызды міндет.

Ашығын айтсақ, бұл тұста қордаланған мәселе өте көп.

Білікті энергетик мамандарымыз саусақпен санарлық. Есесіне, энергетика саласындағы түйткілдерге арналған форумдар мен пікірталастар жиі әрі кең ауқымда өткізіледі.

Алайда, Қазақстан жыл сайын энергияның елеулі тапшылығымен бетпе-бет келіп жатады. Соның салдарынан, қыс мезгілінде, яғни электр энергиясына сұраныс шарықтайтын кезеңде көрші елдерден қуат көзін қымбат бағамен сатып алуға мәжбүрміз. Ал жаз айларында өзге елдерге энергияны тым төмен бағамен сатамыз.

Осындай қитұрқы әрекет ондаған жылдан бері жалғасып келеді. Маған мұны энергетика саласындағы қалыпты жағдай деп түсіндіріп бағуда.

Кезінде Балқаштағы ЖЭО құрылысының аяқталмай қалуына да осы жайт себеп болды.

Қазір де Түркістан, Қызылорда, Алматы және Екібастұздағы жаңа генерация қуаттарын іске қосу мерзімдері кейінге шегеріліп жатыр.

Қазақстан бүгінде сағатына 123 миллиард киловатт электр энергиясын өндіреді.

Қуат көзінің мұндай көлемі өнеркәсіп пен құрылыс саласын, ауыл шаруашылығы кешендерін қарқынды дамытып жатқан, ең бастысы, экономиканы жаппай цифрландыруды, жасанды интеллектіні қоғамның барлық саласына енгізуді және осыған байланысты деректерді өңдеу орталықтарын салуды жоспарлап отырған ел үшін мүлдем жеткіліксіз.

Сондықтан еліміз 2029 жылға қарай қуат көзін артығымен өндіретіндей деңгейге жету керек. Бұл – біздің алдымызда тұрған стратегиялық міндет.

Сол үшін жаңа электр станцияларын салып, қолданыстағы нысандар мен электр желілерін жаңғыртуға тиіспіз.

Сонымен қатар, «таза» көмір генерациясын толыққанды дамытып, жаңартылатын қуат көздерін өндіру ісіне, соның ішінде күн электр станцияларын кеңінен қолдануға баса мән беруіміз керек.

Жалпы, Үкімет 2035 жылға дейінгі ұзақ мерзімге арналған бірыңғай энергетикалық теңгерімді қайта қарауға тиіс.

Бұл орайда атом генерациясының маңызы айрықша. Жалпы ұлттық референдумның нәтижесінде елімізде бірнеше атом электр станциясын салу туралы дұрыс шешім қабылданды.

Бұл станцияларды елу жылдан кейін, тіпті, одан арғы уақытта уран шикізатымен қалай қамтамасыз ететінімізді қазірден бастап ойластыруымыз керек.

Қазақстандағы атом электр станцияларының қажеттілігін өтеу үшін уранның алдағы жүз жылға жететін мемлекеттік стратегиялық қорын құру жөніндегі ұсыныс өте орынды. Бұл бастаманы жан-жақты пысықтау қажет деп санаймын.

АЭС құрылысына қатысатын шетелдік серіктестерді Қазақстанда жоғары технологиялық өндіріс орындарын ашуға, ядролық энергетика саласындағы тәжірибесімен бөлісуге, атом энергетикасы саласына қажетті мамандарды даярлауға кеңінен тарту маңызды. Ресей мен Қытай компанияларынан осындай ұсыныстар түсіп жатыр.

Келесі жылы «Балқаш» АЭС-інің құрылысын бастауға болады. Тіпті, бастауымыз қажет деп санаймын. Сондай-ақ, «Мойынқұм» АЭС-інің құрылысын мүмкіндігінше тезірек бастау үшін кешенді ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған жөн.

Әрине, келіссөздердің әр тармағы Қазақстанның ұлттық мүддесі тұрғысынан мұқият пысықталып, жан-жақты келісілуі керек.

Жалпы, азаматтық инфрақұрылымды жаппай жаңғырту және қайта құру ісіне бүкіл ел болып кірісетін боламыз.

Дегенмен, мұндай маңызды стратегиялық міндетті орындау кезінде тек мемлекеттің ресурсына арқа сүйеуге мүлдем болмайды.

Бұл кәсіпкерлердің белсенділігін төмендетіп, патернализмге (соның ішінде экономикадағы), яғни масылдыққа әкеп соғады. Оның салдары қандай болатыны айтпаса да түсінікті деп ойлаймын.

Үкіметтің алдында ұзақмерзімді қаражат көздерінің барлығын жұмылдыру міндеті тұр.

Мұны заң талаптарын бұзбай әрі мемлекет мүддесіне сай қалай жүзеге асыруға болатынын қаржы қауымдастығымен бірлесіп, жан-жақты ойластырған жөн.

Қабылданатын шешімдер қарапайым қисынға негізделеді: мемлекет қаражаты жеке инвестиция тартуға кепіл болуы керек.

Бұған қоса, еліміздің индустриялық-технологиялық тұрғыдан жедел дамуына қажетті тетіктерді әзірлеу керек.

Қазақстан – минералдар мен шикізатқа бай мемлекет. Бұл – біз үшін стратегиялық жетістік.

Сондықтан геологиялық барлау тәсілдерін түбегейлі өзгерту қажет. Жаңа кен орындарын бұрынғы заманнан қалған әдістермен іздеу оң нәтиже бермейтіні анық. Қазіргі таңда геологияны жоғары технологиялық сала ретінде мойындауымыз керек.

Бізге озық технологиялардың көмегімен еліміздің жер қойнауын толыққанды зерттеп, деректердің ашықтығын және қолжетімді болуын қамтамасыз ету өте маңызды. Жаңа кен орындарын іздеу және барлау үдерісіне жеке қаражатты белсенді тартқан жөн.

Бәріңізге мәлім, қазір айрықша маңызды металдардың рөлі артып келеді. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, бізге де осындай металдардың қорын тиімді басқаратын ұлттық жүйе құру қажет.

Аталған жүйеде тау-кен саласындағы жобаларды ұзақмерзімді қаржыландыруға мүмкіндік беретін нақты тетіктер болуға тиіс.

Елімізде осы бағытта жұмыс істеп жатқан кәсіпорындармен оффтейк-келісімшарт жасау арқылы кепілді сұранысты қамтамасыз еткен жөн. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндеттің бірі. Осы мәселені кәсіпкерлермен бірлесе талқылап, жыл соңына дейін маған нақты ұсыныс енгізу қажет.

Сондай-ақ, сарапшылар мен мамандардың пікіріне сүйенсек, ұлттық түрлітүсті және сирек кездесетін металдардың қорын қалыптастыру қажеттілігі пайда болып жатыр.

Түпкі мақсат – елімізді жаһандық өндіріс тізбегіне қосу. Экспорттық саясатымыз да осы мақсатқа сай жүргізілуі керек.

Үкімет бұл саладағы дамыған елдермен стратегиялық серіктестік орнатуға тиіс.

Жаңадан ашылған кәсіпорындар жұмыс істеп тұрған жергілікті бизнес нысандарына орынсыз кедергі келтірмеуі керек. Инвесторларды тартқан кезде де осы мәселеге мән беріп, әр аймақты, әр саланы мұқият зерделеген жөн.

Қате шешімдердің салдары қандай теріс нәтижелерге әкеп соқтырғанын көріп отырмыз.

Мәселен, елімізде металл өндіретін Qarmet деген ірі кәсіпорын бар. Соған қарамастан, тағы үш облыста дәл осындай өндіріс орындарын ашу жоспарланған. Осы кәсіпорындардың өнімі нарықтың сұранысына ие бола ма? Бұл сұраққа нақты жауап жоқ сияқты. Сондықтан осындай үйлесімсіз шешімдердің пайдасы күмәнді екеніне дау жоқ.

Мекемеаралық байланысты нығайтпасақ, экономикамыз өз әлеуетін жоғалтып алады. Әрбір аймақ өзінің басымдықтарын айқындап, соған сай жұмыс істеуі керек.

Осы мәселе бойынша Үкіметтің үйлестіру рөлін әлдеқайда күшейту қажет екені анық. Бірақ аймақтар жекелеген салаға немесе кәсіпорынға тәуелді болып қалмауға тиіс. Сондықтан өңірде негізгі саланы дамыта отырып, оның айналасында және ішінде де толыққанды біртұтас жүйе құру маңызды.

Атап айтқанда, білім беру, қолданбалы ғылым, логистика, қызмет көрсету салаларын, сабақтас өндірістерді және технологиялық кәсіпкерлікті дамытқан жөн.

«Халықтық құрылыс» әр аймақта осындай жүйе, яғни қазіргі тілмен айтсақ, экожүйе құруға оң ықпал ететініне сенім бар.

Келесі мәселе. Ауыл шаруашылығының одан әрі қарқынды дамуына барлық күш-жігерімізді салуымыз қажет.

Былтыр бұл сала шамамен, 6 пайызға өсіп, агроөнеркәсіп кешенінде өндірілген өнім көлемі 15 триллион теңгеге жетті.

Жеңілдетілген шарттармен қаржыландыру көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда, 1 триллион теңгеден 1,5 триллион теңгеге дейін ұлғайды.

Дегенмен, бөлінген қаражаттың бір бөлігі күнделікті қажеттіліктер мен айналымдағы қаражатты толықтыру үшін жұмсалып отыр.

Шаруаларға алдағы жұмысын ұзақ мерзімге жоспарлауға мүмкіндік беретін кең ауқымды қаржыландыру жүйесі керек.

Сондықтан Үкімет фермерлерді ұзақ мерзімге арналған инвестициялық ресурстармен қамтамасыз ету үшін тиімді әрі пәрменді тәсілдерді енгізуі қажет.

«Бәйтерек» холдингі тағам өнеркәсібі саласында жалпы құны 500 миллиард теңгеден асатын әлеуеті зор жобалар тізімін дайындады. Соның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қолжетімді әрі жеңілдетілген шарттармен қаржы бөлу мәселесін созбалаңға салмай, сапалы жобаларды дереу жүзеге асыру керек.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласын технологиялық тұрғыдан жаңғыртудың сәті келді.

Елімізде шығарылатын технологиялық тұрғыдан сапасы жоғары тракторлар мен комбайндардың санын көбейту қажет. Бұл – өзекті мәселе. Осылайша біз ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыра түсеміз.

Өткен аптада Астанада іссапармен болған NVIDIA компаниясының басшысы, жаңа толқындағы ірі кәсіпкер Дженсен Хуанг Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласына жасанды интеллектінің тәсілдерін енгізетін кез келді деп, өз пікірін айтып кетті.

Меніңше, бұл – өте орынды ұсыныс. Оны жедел қарқынмен іске асыруымыз керек.

Еліміз осы белесті ойдағыдай еңсеріп алса, әлемдік ауқымдағы азық-түлік тапшылығы, яғни жаһандық ашаршылық туындаған жағдайда Еуразия азық-түлікпен қамтамасыз ететін негізгі орталық болуы әбден ықтимал екеніне күмән жоқ.

Елімізде ірі су көздеріне жақын орналасқан үлкен аумақты алып жатқан жер алқаптары бар. Сол жерлерді суармалы егіншілікке пайдалану дәстүрлі дақылдардың өнімділігін 2-2,5 есе көбейтуге ықпал етеді.

Жаңа алқаптарды игеру кезінде су үнемдеудің озық тәсілдерін және агрохимиялық технологияларды қолдану аса маңызды. Бірақ елімізде бұл жұмыстың тиімділігі әлі де төмен.

Елімізде су ресурстарының тапшылығын жою үшін жүйелі әрі батыл шаралар қабылдау қажеттігін ерекше атап өткім келеді.

Ең алдымен, суды тиімді және үнемдеп пайдалану қағидаттарының жаппай сақталуын қамтамасыз ету керек. Қазіргі заманда бұл ресурстың мән-маңызы айрықша.

Үкімет пен әкімдіктер суды пайдалануға бақылауды күшейту керек. Түрлі желідегі, сондай-ақ, көлік жуу орындарындағы су шығынын азайтып, ауыз судың жөнсіз пайдаланылуына жол бермеу қажет. Ауыз суды көлік жууға тұтыну – барып тұрған сорақылық. Судың да сұрауы бар.

Менің тапсырмаммен Үкімет су пайдалану саласында ауқымды тарифтік реформаны қолға алды. Оны соңына дейін жеткізу керек.

Суды үнемдеп пайдалану бәріне ортақ міндетті қағида болуға тиіс.

Су ресурстарын түгелдей әрі дұрыс есепке алу үшін цифрлық құралдарды толыққанды пайдалану айрықша маңызды.

Бұл жаңа өндірістерді жоспарлау кезінде мұқият ойластырылған, салмақты шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Сондықтан Үкімет Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесін құру ісін көпке созбай, тез арада аяқтауы керек.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу ісін дамытуға баса

мән берген жөн. Қазірдің өзінде бұл бағытта табысты жобалар бар.

Мәселен, Қызылорда облысының шаруалары қатаң климатқа қарамастан жүгері мен соя өсіріп, оны өңдеумен айналысады. Ал Түркістан облысында қытай компаниясы суды тиімді пайдаланатын заманауи мақта-тоқыма кластерін құрып жатыр.

Үкімет осындай озық тәжірибелердің ел аумағында кең тарауына жағдай жасап, инвесторларға уақытылы қолдау көрсетуі керек.

Сонымен қатар, мұндай заманауи тәсілдерді мал шаруашылығында да жанжақты пайдаланған дұрыс.

Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесін басшылыққа ала отырып, елімізде 71 тауар-сүт фермасы іске қосылды. Бұл фермаларда жыл сайын 462 мың тоннадан астам сүт өндіріледі.

Ақмола облысында шетелдің озық тәжірибесіне сай ет кластері құрылып жатыр. Осындай жобаларды қолдауға болады, қажетті жағдайда қаражат та бөлу керек.

Өндіру және өңдеу жұмысымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және сату жүйесін жетілдірген жөн.

Ірі холдингтерден бастап, шағын шаруа қожалықтарына дейін агрологистика орталықтарының қызметін кедергісіз пайдаланатын мүмкіндік болуға тиіс.

Жалпы, халықтық құрылыс аясында ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту ісіне де баса мән беру керек. Бұл – стратегиялық маңызы бар міндет.

Сондықтан Үкімет пен «Бәйтерек» холдингі бірлесіп, нақты шешімдерді қабылдауы қажет.

Экономиканың негізгі салаларын дамыту үшін өнімді терең өңдеумен айналысатын, еңбек өнімділігін арттыратын жобаларға басымдық берген жөн. Бұл – басты талап.

Әсіресе, ірі инфрақұрылымдық бастамаларға қажетті құрылыс материалдарын, металл конструкцияларын, инженерлік жабдықтарды өз елімізде өндірген жөн. Мұндай жобалар «Халықтық құрылыс» бағдарламасының тірегіне айналуы керек деп санаймын.

Ұлттық қор арқылы импортты қаржыландыруға жол беруге болмайды. Бұл – маңызды талап.

Экономиканың дамуына тың серпін беру үшін озық технологиясы бар, қажетті сараптамалық тәжірибесі және жаһандық нарықтарға шығу мүмкіндігі зор әлемнің жетекші компанияларын, солардың ішінде отандық компанияларды да тартқан жөн.

Инвестицияның тиімділігі жұмыс істей бастаған өндіріс орындарының санымен, сапасымен және оның экономикаға қосқан нақты үлесімен бағалануға тиіс.

Әлемде инвестицияға талас күшейіп келеді. Бәсекеге қабілетті болу үшін жедел шешімдер қабылдап, жылдам әрекет ету қажет.

Бірақ елімізде инвестор тарту және оларды жан-жақты қолдау жүйесінде бірізділік жоқ.

Әрбір мекеме немесе жеке тұлға ойында не бар болса, соны істей береді. Нәтижесінде кешенді көзқарас та, үйлесімділік те, сабырлық та, білім де жетіспейді. Сондықтан инвестиция тарту ісін бір орталықтан басқаруға мүмкіндік беретін тұтас жүйені жетілдіре түсу керек.

Менің ойымша, баяғыдан сөреде жатқан мәселені, яғни инвестициялармен жүйелі түрде айналысатын мекемені анықтау керек.

Себебі, қазіргі таңда осы бағытта жүйе жоқ. Бірқатар мемлекеттік мекемеге бірдей құзыреттер берілген. Қазіргі жағдайда бұл тәсілдер заман талабына сай келмейді, әбден ескірген.

Бәлкім, инвестицияға қатысты мәселелермен «Бәйтерек» холдингі белсендірек айналысқаны дұрыс шешім болар. Ал Экономика министрлігі, Сыртқы істер министрлігі инвестицияларға байланысты кейбір құзыретін орындауды жалғастырады.

Тағы бір өзекті мәселе.

Қарқынды дамитын Алатау қаласын салудың маңызы зор екені көпшілікке түсінікті деп ойлаймын. Болашақта бұл қала инвестиция мен кәсіпкерлікке қолайлы орталыққа айналады.

«ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың

Кез келген халықаралық юрисдикцияның ұзақ уақыт бойы тартымды болуына бірден-бір әсер ететін фактор – тиімді сот төрелігі.

Сондықтан Алатау қаласында жоғары сапалы сот төрелігін қамтамасыз ететін жүйе құрған жөн.

Жалпы құқықтың ағылшын үлгісіне сай жұмыс істейтін инвестициялық сот коммерциялық істерді қарайтын болады.

Арнаулы құқықтық режиммен байланысты басқа мәселелердің барлығы Азаматтық сот құзыретіне жатады.

Үкімет «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңға тиісті түзетулерді 2027 жылғы қаңтар айының соңына дейін Құрылтайдың қарауына ұсынуы керек.

Осы орайда еске сала кететін бір жайт бар. Барша беделді әрі адал кәсіпкерлердің инвестициялық мүддесі ең мықты әрі сенімді құқықтық құжат – Конституциямызбен қорғалған.

Енді шағын және орта бизнес туралы пікірімді айтқым келеді.

Қазір оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 40 пайызға жетті, ал негізгі капиталға тартылған инвестициядағы үлесі 70 пайызға жақындап келе жатыр.

Шағын бизнестің маңыздылығы бәрімізге белгілі, ол көптеген елде экономиканың қозғаушы күші саналады.

Бүгінде бұл саладағы кәсіпкерлердің үштен бірінен астамы саудамен айналысады. Сол себепті, шағын бизнес құрылымын әртараптандыруға баса мән беру қажет деп үнемі айтып жүрміз.

Сонымен қатар, Үкіметтің алдында орта бизнесті дамыту жөнінде арнайы жоспар әзірлеу міндеті тұр. Құжатта кәсіпорындарды ұзақмерзімді каржыландыру әрі технологиялық тұрғыдан жаңғырту тетіктері көрсетілуі қажет. Орта бизнес өкілдерінің ірі кәсіпорындармен тығыз жұмыс істеп, оларға өз өнімдерін өткізуіне жағдай жасау керек.

Қалай болғанда да, мемлекет экономикамыздағы ең маңызды тапсырыс беруші болып қала береді.

Сондықтан шағын және орта бизнесті мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялардың сатып алу үдерістеріне қатыстыру тәсілдерін жетілдіріп отыру қажет.

Сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің бір бөлігін шағын және орта кәсіпорындардың еншісіне қалдыруға болады.

Бұл ретте өнім жеткізушіге қойылатын талаптарды жұмсарту керек. Кәсіпкерлер үшін тұрақты «ойын ережесі» өте маңызды.

Негізі, мемлекеттік бақылау барынша еркін, еш қысымсыз жүргізіледі. Алайда, бұл жүйе айыппұлдар, жоспардан тыс тексерістер және шотты бұғаттайтын камералдық бақылаулар арқылы кәсіпорындардың жұмысына ықпал етіп отыр.

Мұны жағымды үрдіс деп айту қиын.

Бір қарағанда, биылғы бірінші жартыжылдықта жеке кәсіпкерлер жасаған заң бұзушылықтар саны 34 пайыз қысқарған. Дегенмен, айыппұл сомасы шамамен, 11 пайызға ұлғайған, ал жоспардан тыс тексерістер ондаған есе көбейген.

Бизнеске «кедергі келтірмеудің» өзі үлкен көмек екенін іскерлік белсенділікке қатысты жүргізілген талдау анық көрсетіп отыр.

Бұл орайда микро және шағын бизнесті тексеруге 2020–2023 жылдарда жарияланған мораторийдің пайдалы тәжірибесіне қайта жүгінуге болады. Бұл тәжірибе өз тиімділігін көрсетті.

Құрылтай депутаттарына Үкіметпен бірге 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап кезекті үш жылдық мораторий енгізудің қаншалықты орынды екенін талқыға салуды ұсынамын. Бұл ретте бұған дейінгі мораторийдің артықшылықтары мен кемшіліктері түгел ескерілуі керек.

Аталған қадамды бақылау-қадағалау жүйесін толық өзгертіп, реттеудің цифрлық моделіне көшуге арналған стратегиялық үзіліс деп қарастырған жөн.

Сонымен қатар, экономикалық баптар бойынша қылмыстық құдалауға ұшыраған кәсіпкерлерден түсетін шағым толастаған жоқ.

Сондықтан экономикалық құқықбұзушылықтарды қылмыстық сипаттан арылтып, ізгілендіру шараларын қабылдаған жөн.

Кәсіпкерлерге, әсіресе, шағын және орта бизнеске тең мүмкіндік беріп, әділ бәсекеге жол ашу қажет. Кей жағдайда осы талап сақталмайды.

Оған дәлел: қазірдің өзінде өндірушілер, әсіресе азық-түлік саласындағы кәсіпорындар бірқатар қиындыққа тап болуда. Тіпті, әдейі жасалған кедергілер де бар.

Мысалы, импорттық тауарлардың құны қолдан төмендетіліп отыр. Ал отандық өнімдердің ішкі нарыққа шығу жолы әдейі шектеліп жатады. Шынын айтқанда, бұл – жемқорлық. Сондықтан осындай қитұрқы әрекеттерді тоқтату керек.

Мұндай ахуал еліміздің компаниялары мен тауарларының бәсекеге қабілетін едәуір әлсіретіп жіберетіні сөзсіз.

Осындай іс-қимылдарға қатаң тосқауыл қоймасақ, экономикамызға зиян болатыны айдан анық. Басқаша айтсақ, бизнесті қорғау – ұлттық экономиканың дербестігін нығайту деген сөз. Ал бизнеске қолдан заңсыз тосқауыл жасау, бұл – мемлекетке қарсы жасалған қылмыс деп айтсақ, артық болмас.

Сондықтан кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру, яғни нығайту қажет. Бұл жұмысты сауда бірлестіктері аясында жүргізуге де болады.

Келесі. Қазақстан цифрлық экономика құруға міндетті. Онсыз болмайды.

Біз өз мүмкіндіктерімізді дұрыс әрі шынайы бағамдап, жаңа технологиялар ұсынатын жақсы дүниенің бәрін халық игілігіне пайдалануға тиіспіз.

Digital Qazaqstan кешенді стратегиясын іске асыру үшін негізгі инфрақұрылым салу ісі басталып кетті.

Екі суперкомпьютер іске қосылды. Жыл соңына дейін үшінші қуатты компьютер пайдалануға беріледі.

Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу жұмысы аяқталды. Деректерді өңдейтін орталықтар салынып жатыр.

Бұл – елімізді цифрлық жаңғырту жолында атқарылған жұмыстардың бір бөлігі. Біз жаңа технологиялық даму кезеңіне апаратын ұзақ әрі үлкен жолдың басында тұрмыз.

Уақыт талабына сай болу үшін нақты нәтижелерге қол жеткізу маңызды. Осыған басымдық беру қажет.

Дегенмен, әзірге нақты іске қарағанда құрғақ сөз көп. Цифрландыру ісі қолданыстағы үдерістерді автоматтандырудан ары аса алмай отыр.

Цифрландыру қымбат бағдарламалық өнімдерді сатып алумен шектелмеуге тиіс. Ең алдымен, оның пайдасын толық түсінуіміз керек.

Шын мәнінде, біз жасанды интеллектіні коммерцияландыру, активтерді токендеу, блокчейнтехнологиялары мен цифрлық платформалар экожүйелерін дамыту жұмысын енді ғана бастадық.

Экономикада цифрландыруды іс жүзінде қолдануға бағытталған нақты шаралар бағдарламасын әзірлеу қажет.

Қазіргі таңда миллиондаған азамат маркетплейстерді, тамақ жеткізу және такси шақыру қызметтерін, басқа да көптеген қызметтерді, соның ішінде озық елдердің көбіне үлгі болып отырған Қазақстандағы банктердің қызметтерін күнделікті пайдаланып жүр. Бірақ

мұнымен шектелмей, алға қадам басу керек.

Елімізде жоғары өнімді цифрлық экономиканы дамытуға тың серпін беру үшін қажетті нәрсенің бәрі бар.

Жастарымыз білімді әрі жасампаз. Интернет қолжетімді. Озық цифрлық инфрақұрылым құрылды.

Бүгінде кез келген азамат үйінен шықпай-ақ бірнеше минуттың ішінде банк есепшотын аша алады. Бөліп төлеуді рәсімдеп, тауар сатып алу үшін де сыртқа шығудың қажеті жоқ.

Цифрландырудың келесі кезеңінде қолжетімділікті қамтамасыз етуден мүмкіндіктер аясын кеңейтуге көшуіміз керек.

Парадигманы өзгертіп, алдымызда тұрған міндеттерге мүлде басқа қырынан қарауға тиіспіз.

Біздің мақсатымыз – шын мәнінде халықтық цифрлық экономика құру.

Интернет қоғамдық санада тұтыну мен көңіл көтерудің ғана емес, жасампаздық пен еңбектің виртуалды аумағына айналуы керек.

Смартфондар азаматтарымыз үшін уақытты зая өткізетін қымбат ойыншық емес, тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін құралға айналуға тиіс.

Үкімет жыл соңына дейін цифрлық форматта жұмыспен қамтудың жеңілдетілген құқықтық режимін қалыптастырады.

Цифрлық дәуір қаншалықты күрделі, қиын, тіпті қауіп-қатерге толы болса да, біздің мақсат-мұратымыз өзгермейді.

Бұл – жаңа тұрпатты мемлекет құру, жаңғыру мен жаңару жолынан айнымау.

Сондықтан мен келесі жылды Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы деп жариялауды ұсынамын.

Жоғарыда айтқанымдай, осы жылдың аясында әр облыс орталығында, аудандарда, тіпті елдімекендерде азаматтық инфрақұрылым нысандарын салуға және жөндеуге белсенді түрде кірісеміз.

Жолдар, әуежайлар, вокзалдар, денсаулық сақтау мекемелері, соның ішінде ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған оңалту орталықтарының құрылысын бастаймыз.

Сондай-ақ, барлық аймақта шығармашылық үйлері, спорт кешендері, кітапханалар және ғылыми орталықтар бой көтеруі керек. Әрине, тұрғын үй салу да маңызды міндет болып қала береді.

Біз ауқымды құрылысты қарқынды жүргіземіз. Бұл – халқымыздың жасанды интеллект дәуіріне беретін ортақ жауабы.

Конституцияда халықтың әл-ауқатын арттыру мемлекеттің стратегиялық басымдығы ретінде айқындалды. Осы бастамалардың барлығы ел игілігі, әсіресе, өскелең ұрпақтың қамы үшін қолға алынып отырғанын тағы да баса айтқым келеді.

Ендігі маңызды міндет – жинақталған қаржы ресурстарын экономиканың нақты секторын дамытуға тиімді пайдалану.

Осыған орай, Ұлттық банкке баға мен қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етумен қатар, экономиканы дамытуға жол ашатын бастамаларды жүзеге асыруға да атсалысатын кез келді.

Экономикамыз ұзақмерзімді қаржыландыруды қажет етеді. Оны толық өтеуге бюджет пен даму институттарының қауқары жетпейді.

Банктер бизнесті инвестициялық кредиттеуге барынша атсалысуға тиіс. Бұл – олардың негізгі миссиясы.

Ол үшін қажетті жағдай жасалуға тиіс, соның ішінде банк жүйесіндегі кәдеге жаратылмай жатқан бос қаржыны тиімді реттеу жолдарын ойлап табуға болады. Ал мұндай қаржы бар, әрі өте көп.

Пайдасыз пікірталасқа уақытымыз жоқ. Елді дамудың даңғыл жолына салатын шешімдер қажет.

Экономиканың басты салаларын ұзақмерзімді кредиттеудің жаңа тәсілдерін іске қосқан жөн. Бұған банктер, даму институттары, халықаралық қаржы ұйымдары және басқа да қаржы көздерін тарту керек.

Капитал нарығының мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейту міндеті тұр.

Сол себепті, жеке кәсіпорындарды биржа құралдарын белсенді қолдануға ынталандыру маңызды.

ынтасына бөгет болмауы керек. Сондай-ақ, инвестиция тартуға және жұмыс орындарын ашуға кедергі келтірмегені дұрыс.

Сондықтан Үкіметке бизнес өкілдерінің пікіріне құлақ асып, салық заңнамасына енгізілетін нақты өзгерістер легін әзірлеуді тапсырамын.

Кәсіпкерлердің жұмыс істеу қағидаларын өзгерте бермеу үшін бұл істі барынша байыппен жүргізу керек.

Біздің заңнамамыз тым көлемді әрі күрделі, сондықтан оны түсіну қиын. Осы мәселе кәсіпкерлердің бас ауруына айналып отыр.

Салық салудағы әділеттілік мәселесіне арнайы тоқталғым келеді.

Бай-бағландарға арналған жоғары салық мөлшерлемесін енгізу мәселесін талқылайтын кез келді деп санаймын.

Тағы да атап өтемін. Ешкім заңды түрде тапқан активке қандай да бір жолмен шектеу қойғалы жатқан жоқ. Бұл Конституция талаптарына қайшы болар еді.

Әңгіме әділеттілік туралы, яғни әр азаматтың ел дамуына лайықты, адал үлес қосуы жөнінде болып отыр.

Үкімет пен Құрылтай осы мәселені зерделеп, тиісті ұсыныстарын беруі қажет.

Әділ салық салу ашықтықты, яғни жаппай цифрландыруды талап етеді.

Салық түсімін арттырып, көлеңкелі экономика мен жемқорлық сын-қатерлерін азайту үшін озық технологияларды,

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ»

Қазақстан халқына Жолдауы

Халықтық цифрлық экономика құру үшін адамдардың мүмкіндіктері тұрғылықты жеріне тәуелді болмауы өте маңызды.

Азаматтарымыз ауылда немесе қалада тұрса да, смартфон арқылы заңды табыс табуды үйренуге тиіс.

Кәсіпкерлікті қолдауға арналған қазіргі шараларды жекеменшік маркетплейстердің, банктердің, логистикалық компаниялар мен цифрлық сервистердің мүмкіндіктерімен ұштастыру міндеті тұр.

Несие беру мен субсидиялаудан бөлек, өнім өндіруге және оны сатуға арналған қосымша құралдар қажет.

Келесі жылы Үкімет бизнес қауымдастығымен бірлесіп, бірқатар өңірде цифрлық дамуға қатысты пилоттық жобаларды іске қосуы керек. Мұндай қадам ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге өз тауарын өткізу ісін жолға қоюға көмектеседі.

Табысты тәжірибелерді барлық аймақта кеңінен таратқан жөн.

Активтерді токендеу, яғни оларды цифрлық ортаға көшіру ісін толық жүзеге асыру керек.

Бұл қадам азаматтарға компаниялар мен түрлі нысандардың меншік иесінің бірі болуына, ал кәсіпкерлерге артық делдалсыз тікелей капитал тартуға мүмкіндік береді.

Халықтық цифрлық экономика құрудың стратегиялық мақсаты – әрбір азаматтың әл-ауқатын арттыру үшін заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану.

Биыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында біз озық әрі технологиялық тұрғыдан дамыған мемлекет құру ісіне серпін бердік.

Енді бұл жұмысты әрі қарай жүйелі жалғастырып, жасанды интеллектіге негізделген цифрлық экономика құруымыз қажет. Үкімет, ұлттық компаниялар, креативті индустрия секторы осы үдеріске белсенді атсалысуға тиіс.

Бұл – жаңа дәуірдің талаптарына толық сай келетін аса маңызды жалпыұлттық міндет. Болашақтың экономикасын құру үшін таптаурын түсініктер мен ескірген тәсілдерден біржола арылуымыз қажет.

Қоғам дамуының мүлде жаңа негізін қалыптастыруымыз керек. Шын мәнінде, мұны озық технологиялар заманында өскелең ұрпақтың лайықты өмір сүруіне жол ашатын ұзақ мерзімге арналған жалпыұлттық миссия деуге болады.

Келесі өте маңызды міндет – мемлекеттік басқару ісінің сапасын толықтай жақсарту.

Инфрақұрылымды жаңғырту, жаппай цифрландыру және индустрия саласын дамыту үшін бюджеттен қомақты қаржы бөлініп жатыр. Жеке инвестиция да тартылуда.

Осы орайда, мына мәселеге назар аударғым келеді. Ауқымды құрылыс аясындағы жобаларды мұқият іріктеу, сенімді компаниялармен жұмыс істеу және бастаманы жүзеге асырудың әр кезеңін жіті бақылау өте маңызды.

Мемлекеттік аппарат осы міндетті кәсіби тұрғыдан мүлтіксіз орындауға дайын болуы керек.

Бұдан бөлек, макроэкономикалық саясатты мұқият ойластырып жүргізген жөн.

Соңғы жылдары Үкімет бюджет пен салық жүйесін толығымен қайта қарады.

Бірақ мемлекеттік саясаттың тиімділігі, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатына, экономикалық белсенділігіне қарап бағаланады.

Сондықтан біз үшін ең маңызды мақсат – халықтың табысын ұлғайту. Ол үшін бірінші кезекте инфляциямен жүйелі түрде күресу қажет.

Инфляция, бейнелеп айтқанда, азаматтарымыздың тұрмысын күннен-күнге тұралататын қауіпті кесел.

Бағаның өсу қарқыны біршама бәсеңдеді. Дегенмен, инфляция деңгейі әлі де жоғары.

Сондықтан ең алдымен, Үкімет пен Ұлттық банк бірлесіп, үйлесімді жұмыс істеуі керек. Инфляцияны тежеп, төмендету қажет. Бұл – аса маңызды міндет.

Үкімет бюджет және салық саясатын барынша байыпты жүргізуі қажет. Сондай-ақ, экономиканың өндірістік әлеуетін күшейтіп, бизнестің өнімділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау керек.

Қаржы нарығын реттеуші мекемелер де өз міндеттерін сапалы әрі тиімді орындауға тиіс.

Бүгінде Қазақстанның қаржы жүйесі айтарлықтай орнықты деңгейде. Оған дәлел: еліміздегі банктердің активі 75 триллион теңгеден (яғни 150 миллиард доллардан) асты.

Депозиттердің көлемі рекордтық көрсеткішке, нақты айтқанда, 52 триллион теңгеге, яғни 105 миллиард долларға жетті.

Салымдардың 78 пайызы ұлттық валютада сақталған. Бұл ұлттық теңгенің құндылығы арта түскенін көрсетеді.

Аса өзекті міндеттің бірі – қосымша қаржы тарту және инвестициялық тәртіпті күшейту.

Әзірленіп жатқан Капитал нарығы туралы заңда нақты тетіктер қарастырылуы қажет.

Әсіресе, ұлттық бірыңғай қаржы экожүйесін қалыптастыруға ден қойған абзал.

Қазақстан қор биржасы, «Астана» халықаралық қаржы орталығы және Alatau City жақын серіктес ретінде жұмыс істеуге тиіс.

Ұлттық банк пен Үкімет Қазақстанның қаржы нарығын дамытудың бірыңғай стратегиясын әзірлеуі керек.

Макроэкономикалық тұрақтылықты ұзақ мерзімге қамтамасыз етудің тағы бір жолы – бюджет саясатын реттеу.

Былтыр қабылданған Бюджет кодексі мемлекет қаражатын тиімді басқаруға және қаржылық тәртіпті күшейтуге мүмкіндік берді.

Дегенмен, шығындардың жыл санап көбейіп бара жатқанын ескерген жөн. Сол себепті, қазына қаржысын жоспарлау және басқару сапасын одан әрі арттыру қажет.

Орынсыз, тиімсіз шығындардың алдын алу үшін жасанды интеллект технологиясының мүмкіндігін пайдаланған дұрыс. Сондай-ақ, мемлекеттік қазына жүйесін толыққанды цифрландыру жұмысын аяқтау керек. Бюджет қаражатын басқарудың ортақ әдіс-тәсілдерге негізделген жүйесін құру қажет.

Үкімет пен Ұлттық банктен нақты ұсыныстар күтемін.

Келесі басымдық – салық саясатын жетілдіру.

Жаңа Салық кодексі бүкіл жүйені кешенді түрде қайта жаңғыртуға негіз қалады.

Бірақ мұндай ауқымды реформа жолында күтпеген мәселелер міндетті түрде шығады. Оны алдын ала болжау оңай емес.

Соның салдарынан жекелеген нормаларды қолдану кезінде бизнес түрлі қиындықтарға тап болып отыр.

Салық кодексі қатып қалған қағида не қасиетті кітап сөзі емес. Заң өмірдің шындығынан алшақ кетпеуге тиіс.

Сондықтан қайшылықтарды жойып, екіұшты түсіндірілген нормалардан арылу керек. Кәсіпкерлерге салмақ түсіретін артық жүктемені азайтып, сыңаржақ тұстарын алып тастаған жөн.

Салық жүйесі бизнестің дамуға деген

соның ішінде жасанды интеллектіні пайдалану қажет.

Қазіргі жағдайда инновацияларды табысты енгізіп, экономиканың бәсекеге қабілетін арттыру ісінде құқық жүйесі айрықша рөл атқарады.

Қолданыстағы Азаматтық кодекс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында қабылданды.

Кодекс өзінің тарихи миссиясын толық атқарып шықты десек, артық болмайды.

Бұл құжат нарықтық экономиканың негізгі институттарын құруға жол ашты, меншікті қорғау қағидатын бекітті.

Бұған қоса, жаңа тарихи дәуірдегі азаматтық қатынастардың құқықтық негізін қалыптастырды. Дегенмен, қанша жерден сапалы болса да, бұл Азаматтық кодекс өтпелі кезеңдегі экономика үшін әзірленді.

Сол кезде озық технологиялардың заты түгіл, аты да жоқ болатын. Әрине, соңғы 30 жыл ішінде бүкіл әлем, соның ішінде еліміз де түбегейлі өзгерді.

Осының бәрін ескере отырып, болашақтың экономикасына байыппен көшуге құқықтық негіз болатын жаңа Азаматтық кодекс қабылдау қажет деп санаймын.

Бұл кәсіпкерлердің, инвесторлардың және азаматтардың алаңсыз жұмыс жүргізуі үшін құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрылтай депутаттары Үкіметпен бірлесе отырып, осы маңызды құжатты әзірлеуге тез арада кіріскені жөн.

Құрылтай жаңа Азаматтық кодексті келесі жылдың аяғына дейін қабылдаса жөн болар.

«Халықтық құрылысқа» қажеттілік экономикалық міндеттерден ғана туындаған жоқ. Түрлі салада қордаланған құрылымдық теңгерімсіздік осыған алып келді.

Халық саны мен ішкі көші-қонның өсуі бұған дейін әупірімдеп жұмыс істеп тұрған әлеуметтік нысандарға шектен тыс салмақ түсіреді.

Бұл кеше ғана пайда болған түйткіл емес.

Өткен онжылдықтарда әлеуметтік көмекті шамадан тыс көбейту есебінен мемлекеттік басқарудағы қателіктер мен кемшіліктерді жасырып-жабу, яғни азаматтардың көңілін табу қалыпты дүниеге айналды.

Мемлекет ресурсы желге ұшты, тіпті жағдайы жақсы отбасылар да жәрдемақы алды. Осы кезде мектептер мен ауруханалар тапшылығы ұдайы ұлғайып отырды.

Бұл қоғамда патернализм мен масылдық көңіл күйдің күшеюіне түрткі болды.

«ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде ашықтан ашық тонау және сыбайлас жемқорлық белең алды.

Негізсіз жеңілдіктер мен жәрдемақылардың тым көптігі – институционалдық шалағайлықтың, керек десеңіз, мемлекеттік аппараттың әлсіздігінің белгісі. Бұл – елдің жарқын келешегін қамтамасыз ету ісінде көрегенділік жетіспейді деген сөз. Мұны түсінген абзал.

Адамдарға бюджет қаражаты есебінен қамқорсынған сыңай таныту – барып тұрған популизм. Осының салдарынан халық мүддесіне қарсы, елдің орнықты дамуына тұсау болатын түрлі алаяқтық істер бүркемеленіп келді.

Бүгінің ғана ойлайтын адамдардың түсінігі осындай болады. Олар стратегиялық және мемлекеттік көзқарас тұрғысынан пайымдай алмайды.

Сондықтан әлеуметтік саясатты түбегейлі қайта қарап, уақытша түйткілдерді реттеуден гөрі стратегиялық мақсаттарға жетуге баса мән беру қажет.

Қайталап айтамын: мемлекеттік көмек шын мұқтаж адамдарға ғана берілуге тиіс. Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі – осы.

Жалпы, бұл салада өзекті мәселелер аз емес, соған байланысты Үкімет өз ұсынысын, шешімдерін беруде.

Қазір қоғамда осы мәселелер бойынша қызу талқы жүріп жатыр. Азаматтар өздерін алаңдатқан мәселелерді ашық айтуда.

Сондықтан бұл күрделі мәселені «өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай», байыппен, салмақты көзқараспен шешу қажет. Артық қыламын деп, тыртық қылуға мүлдем болмайды.

Кез келген реформа терең сарапталып, мұқият зерттеліп, азаматтардың жағдайын мейлінше ескере отырып жүргізілуге тиіс.

Әлеуметтік көмектің жаңа тәсілдерін, соған қатысты ақпараттық жүйелердің қызметін алдын ала мұқият тексерістен өткізу қажет. Ең дұрысы, ондай жобаларды әуелі пилоттық режимде іске қосып, тиімділігі расталған соң ғана кең ауқымда қолдану керек.

Түптеп келгенде, әлеуметтік мемлекет дегеніміз – азаматтарды әлеуметтік төлемдерге тәуелді ету емес, бұл, ең алдымен, халықтың тұрмыс сапасын, әл-ауқатын арттыру деген сөз.

Сондықтан біз адам капиталының сапасын жақсартуға және өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға баса мән беріп отырмыз.

Қазақстанда жеті миллионға жуық бала бар. Бұл – халқымыздың 34 пайызы. Жыл сайын 330 мыңнан астам сәби дүниеге келеді.

Елімізде халық саны қарқынды өсуде. Сондықтан денсаулық сақтау инфрақұрылымын жүйелі әрі жедел дамыту – өте маңызды міндет.

Біз ауқымды құрылыстың алғашқы кезеңінде еліміз бойынша сегіз заманауи перинаталды орталық салуды жоспарлап отырмыз.

Бұдан басқа, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Шымкент, Қаскелең, Семей, Ақтау қалаларында жеті көпбейінді балалар ауруханасы, Астанада тағы екі медициналық нысан бой көтереді.

Аталған жұмысқа бюджет қаражатымен қатар, жеке капиталды кеңінен тартқан жөн.

Қолға алынған мемлекет пен жекеменшік серіктестігі жобаларын сәтті жүзеге асыру қажет. Мұндай серіктестік түрі әлеуметтік инфрақұрылымға салынатын жеке инвестиция көлемін ұлғайтуға көмектеседі.

Ең бастысы, тиісті рәсімдерді негізсіз созбай, шешімдерді тез қабылдау керек.

Сондай-ақ, біз алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесін жаңғырту ісіне ерекше мән береміз.

Осы тұрғыдан алғанда, жалпы практика дәрігерлерінің өкілеттігін кеңейтіп, бұл жүйені қаржыландыру көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту маңызды.

Үкіметке келер жылдың 1 қаңтарынан бастап осы бағытта жұмыс істейтін учаскелік қызмет мамандарының жалақысын үздіксіз еңбек өтіліне қарай 40 пайызға дейін арттыруды тапсырамын. Бұл 77 мыңнан астам маманның табысын өсіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, біз жалақының ең төменгі мөлшерін кезең-кезеңімен көбейте береміз. Мен Үкіметке ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мыңнан 110 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырамын.

Осы міндет келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап іске асырылуға тиіс. Бұл 1,8 миллион адамның, соның ішінде бюджеттен жалақы алатын 370 мыңнан астам қызметкердің табысын арттыруға ықпал етеді.

Тағы бір өзекті тақырып. Инклюзивті білім беру мәселесіне айрықша назар аударған жөн.

Бүгінде Қазақстанда инклюзивті білім алуға тиіс 237 мыңнан астам бала бар.

Өкінішке қарай, соңғы жылдарда ерекше қажеттілігі бар балалардың саны арта түсуде. Сондықтан Үкімет әкімдермен бірлесіп, осы салаға қатысты инфрақұрылымды дамытуға тиіс. Ауқымды құрылысты жүргізу кезінде бұл бағыт назардан тыс қалмауы қажет.

Маман тапшылығын азайту және ерекше қажеттілігі бар балалардың диагнозын ерте жастан анықтау жұмысы да жүйелі түрде жүргізілуі керек. Осы жұмысқа «Қазақстан халқына» қоры белсенді атсалысқаны жөн.

Тағы бір мәселе. Қоғамда оқу-ағарту саласындағы реформаларға қатысты түйткілдер көп талқыланып жүр.

Жалпы, әр өзгеріс мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге, оның қызметіндегі артық жүктемені азайтуға бағытталуы керек.

Іс жүзінде бұл міндет толық орындалмай жатқаны жасырын емес. Бұрын қағазбастылық көп еді. Енді оның орнын түрлі платформаларға, цифрлық жүйелерге енгізілуге тиіс есептер басып отыр.

Ұстаздың негізгі миссиясы – балаға сапалы білім беру, яғни сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басы артық жұмысты доғару керек.

Біз мұғалімдердің абырой-беделін қорғауымыз қажет. Соңғы уақытта мектептерде оқушылар ұстаздарына дөрекі сөйлеп, тіпті, күш қолданатын жағдайлар да аз емес. Мұндай кезде көбінесе мектеп әкімшілігі де мұғалімге қысым көрсетіп жатады. Бұл – дұрыс емес.

Әр мәселе мұқият әрі жан-жақты қаралуға тиіс. Кез келген жағдайға отбасы да, оқушы да, ұстаз да, мектеп те – бәрі де бірдей жауапкершілікпен қарауы керек.

Оқу-ағарту министрлігі бұл жұмысты жіті назарда ұстауы қажет.

Құрметті Құрылтай депутаттары және Үкімет мүшелері!

Мен бұған дейін де айтқанымдай, еліміз жаңа тарихи кезеңге қадам басты.

Осындай бетбұрысты сәтте ұлттық жоспарымыз бен стратегиямыздың бәрін қайта зерделеуіміз керек.

Біз Тәуелсіздігіміздің келесі мерейлі белесіне қандай нәтижемен жететінімізді анық түсінуіміз қажет.

Алдымыздағы мақсаттарды нақты белгілеу арқылы біз бүгінгі міндеттер мен басымдықтарды айқындаймыз, дербес стратегиялық бағдарымызды берік ұстанып, жасампаз жоспарларды жүзеге асырамыз.

Сондықтан Президент Әкімшілігі Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, бір жылдың ішінде еліміздің ұзақмерзімді дамуының кешенді бағдарын айқындайтын құжат әзірлеуі керек.

Бұл жұмысқа ғылыми-зерттеу орталықтарын, соның ішінде Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын кеңінен тартқан жөн. Осынау маңызды құжатқа депутаттар да елеулі үлес қоса алады деп ойлаймын.

Бірақ бұл ауқымды жұмысты мемлекеттік басқару жүйесін реформалау ісінен бастауымыз керек.

Конституция заңды күшіне енген соң еліміздің саяси жүйесі толық жаңғырды. Осыған байланысты мемлекеттік мекемелер алдында тұрған міндеттер де күрделене түсті.

Қазір билік жүйесін дамытудың жаңа стратегиясына сәйкес осы саланы түбегейлі реформалау қажеттігі туындап отыр.

Бұл үдерісте тұтас мемлекеттік аппараттың және әрбір мемлекеттік қызметшінің жұмыс тиімділігін арттыру маңызды міндет болуға тиіс.

Ең алдымен, Үкіметтен бастап ауыл әкімдеріне дейінгі барлық деңгейдегі басқару құрылымын қайта қарау қажет.

Билік жүйесі цифрландыру дәуірінің талаптарына сай жұмыс істеп, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуі керек.

Мемлекеттік мекемелерді ұтымды бастама көтеруге, дербес шешім қабылдауға ынталандыру қажет.

Әрбір мекеме өз өкілеттігімен қатар, тұтас мемлекеттік аппараттың қалай жұмыс істейтінін нақты білуге тиіс.

Жасанды интеллектінің көмегімен қайталанатын міндеттерді, басқару жүйесіндегі қарама-қайшылықтарды жою керек.

Мемлекеттік аппарат қағазбастылықтан толық және біржола арылуы қажет. Шешім қабылдауға, яғни дамуға кедергі келтіретін барлық рәсімді қысқарту керек.

Мемлекеттік қызметшілер кәсіби білікті, озық маман болуға тиіс. Өкінішке қарай, әзірге мұндай деңгейге жеттік деп айту қиын.

Сондықтан мемлекеттік қызметшілерге арналған жаңа әдеп қағидаттарын әзірлеген жөн. Мемлекеттік қызметші, ең алдымен, Конституция талаптарын басшылыққа алып, Отанына және халқына адал қызмет етуге тиіс. Бұл жерде жекелеген өзгерістер туралы сөз болып отырған жоқ.

Бізге шынайы реформа қажет. Көзбояушылыққа жол беруге болмайды. Бұл – құқықтық және қаржылық шаралар қабылдауды талап ететін аса күрделі үдеріс.

Президент Әкімшілігі 2027 жылдың 1 маусымына дейін мемлекеттік басқару жүйесін реформалауға қатысты кешенді жоспар ұсынуы керек. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік басқару жүйесін цифрлық технология мен жасанды интеллектіге негізделген жаңа экономикаға бейімдеп, жаңғырту қажет.

Біздің басты мақсатымыз – Әділетті, Күшті, Таза, Озық Қазақстанды құру.

Қазір мол мүмкіндіктердің дәуірі туды. Бұл дәуірдің орасан зор қауіп-қатерлері де бар.

Дәл осындай жауапты кезеңдерде ұлттың мінезі айқын көрінеді.

Енжарлық пен бейқамдық танытқан ел тарихта жеңімпаз ұлт болмайтыны анық.

Заманның сын-қатеріне төтеп берудің бірден-бір жолы – стратегиялық тұрғыда бір қадам алда жүріп жұмыс істеу, сол арқылы Қазақстанның болашақ келбетін қалыптастыру.

Әйтпесе, үнемі көштің соңында жүруге мәжбүр боламыз.

Мемлекет дамуының ең жоғары өлшемі саналатын да, барлық реформаның игілігін көретін де (қазіргі тілмен айтқанда бенефициарлары) – біздің азаматтарымыз.

Сондықтан менің стратегиялық бағдарымның өзегінде әділдік идеясы тұр.

Жаңа тарихи кезеңге қадам баса отырып, біз барлық азаматтық инфрақұрылымды салу және жаңғырту ісіне кірісіп жатырмыз.

Алдағы бірнеше жылда барлық аймақта қарқынды құрылыс жүргізіледі.

Бұған дейін айтқанымдай, біз жаңа автожолдар, өнеркәсіп және энергетика нысандарын, темір жолдар, көпірлер, инженерлік желілер, гидротехникалық нысандар, мектептер, ауруханалар, спорт кешендерін және мәдениет ошақтарын саламыз.

Заманауи инфрақұрылымдарды салу ісі ондаған жаңа өндіріс орындарын ашуға ықпал етіп, ең бастысы халықтық цифрлық экономиканы дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша біз темірдей тәртіптің, жоғары жауапкершіліктің және қажырлы еңбектің арқасында көп ұзамай ауылдарымыз бен қалаларымыздың келбетін түбегейлі өзгертеміз. Ортақ мекеніміз – Қазақстан Республикасын бұдан да қуатты, бұдан да тартымды елге айналдырамыз.

Біз «Заң мен Тәртіп» қағидатына бағына отырып, адал еңбек ету арқылы көздеген мақсаттарымызға міндетті түрде қол жеткіземіз және келер ұрпаққа лайықты мұра қалдырамыз.

Бұған дейін бірнеше мәрте айттым, тағы да қайталаймын: бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер кезеңінде елдің бірлігі мен қоғамның әлеуметтік тұғырын барынша нығайта түсуіміз қажет.

Біз сонда ғана стратегиялық міндеттерімізді толық орындай аламыз.

Осы жолмен жүрсек, Қазақстан әлемдік өркениет көшінің алдыңғы шебінен лайықты орын алатынына кәміл сенемін.

Жалпы, кез келген реформаны іске асыру үшін заңдарды жетілдіру, саяси институттарды нығайту жеткіліксіз. Ең алдымен, сана жаңғыруға тиіс. Еліміз орнықты дамуы үшін қоғамда жаңа этика орнығуы қажет. «Адал азамат» идеологиясы өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуы керек.

«Әрекет түбі – берекет» деген халқымыз. Сондықтан мейлінше ширақ болып, отаншыл азамат екенімізді жасампаз істермен көрсету аса маңызды.

Ал отаншыл болу – заңды құрметтеу, тәртіпке бағыну, ел игілігі үшін табанды еңбек ету деген сөз. Заңға құрметпен қарайтын адам табысты болады.

Мен Қазақстан әрбір азаматтың дамуына жол ашатын, жалпыға бірдей мүмкіндік беретін, бірлігі бекем, Әділетті әрі Өркениетті мемлекет болуын тілеймін. Аталған мақсатқа жету үшін бар күш-жігерімді салып келемін және алдағы уақытта да солай болады.

Қазіргі заманның басты қуаты – білім мен ғылымда, озық инновацияларда. Жаңа технологияларды, жасанды интеллектіні терең меңгерген ел дамиды. Мемлекетімізге мықты ғалымдар, кәсіби инженерлер, ұлағатты ұстаздар мен білікті дәрігерлер әрқашанда керек болады.

Мен ұлтымыздың көшін алға бастай алатын отаншыл азаматтарға зор үмітпен қараймын.

Қадірлі қауым!

Бүгін мен елімізде жасалып жатқан ауқымды өзгерістерге кеңінен тоқталдым. Жарқын болашағымызды айқындайтын маңызды бастамалар жөнінде айттым.

Алдымызда тұрған тарихи міндеттерді табысты жүзеге асыруымыз керек. Біз әр азаматтың дамуына, барша жұрттың өркендеуіне жол ашатын берекелі қоғам, Әділетті Қазақстанды міндетті түрде құрамыз.

Баршаңызға амандық және табыс тілеймін!

Отанымыз – Қазақ елі мәңгі жасасын!

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

УАҚЫТ КАПСУЛАСЫ

Шаһарда заманауи медициналық орталықтың іргетасы қаланды

Алматыдағы «Шығыс қақпасы» полиорталығында заманауи онкологиялық орталық бой көтермек. Қала әкімі Дархан Сатыбалды мен Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова аталған медициналық кешен ғимаратының іргетасына уақыт капсуласын салу рәсіміне қатысты.

Салтанатты іс-шарада Дархан Амангелдіұлы Алматыда бой көтергелі жатқан жаңа нысанның мегаполистегі ең заманауи медициналық мекемелердің біріне айналатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы кешегі Жолдауында өңірлерді дамытуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға және әлеуметтік инфрақұрылымға ерекше мән берді. Біз қаланың инфрақұрылымын жүйелі түрде жаңғыртып келеміз. Атап айтқанда, 2030 жылға дейін Алматыда 27 жаңа денсаулық сақтау нысанын салу және қолданыстағы 12 медициналық мекемені жаңғырту жоспарланған. Мақсатымыз – тұрғындарға қолайлы және сапалы қызмет көрсету», – деді шаһар басшысы.

Міне, құрылысы енді басталғалы жатқан іргелі ауруханаға да қала тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға және онкологиялық ауруларды диагностикалау мен емдеу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталатынын жеткізді.

«Жаңа медициналық кешен онкологиялық науқастарға көмек көрсету мүмкіндіктерін кеңейтіп, диагностика мен емдеудің қолжетімділігін арттырады. 250 орынға арналған көпбейінді ауруханада медициналық қызметтің кең ауқымы көрсетіледі. Сондай-ақ, бір ауысымда 350 адамды қабылдайтын консультативтік-диагностикалық орталық алғашқы және мамандандырылған амбулаториялық көмектің қолжетімділігін арттырады. Бұл онкологиялық аурулары бар науқастар үшін де маңызды», – деді Дархан Сатыбалды.

Ғимаратта сондай-ақ, 16 орынды жансақтау және қарқынды терапия бөлімі, ота жасауға арналған жеті зал, оның ішінде ангиографиялық жүйемен жабдықталған гибридті ота залы қарастырылған. Бұдан бөлек, триаж жүйесі бар қабылдау бөлімі, диагностикалық және зертханалық бөлімшелер орналасады. Қала әкімі жобаның сапалы іске асырылуына тиісті бақылау жүргізілетінін, сонымен қатар құрылысқа жауапты барлық тарап осы мүдденің маңыздылығын ескеріп бірлесе жұмыс істейді деп сенетінін жеткізді.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова бой көтергелі жатқан құрылыс жұмысына сәттілік тіледі:

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында 2027 жылды Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы деп жариялауды ұсынды. Және осы жылдың аясында қала, облыс орталықтарында, аудандарда, тіпті елді мекендерде азаматтық инфрақұрылым нысандары салынып, жөнделуі керек деді. Бұл тапсырмаға сәйкес біздің салада 8 перинаталдық орталық, 9 балалар ауруханасы, сонымен қатар аймақтарда жұқпалы аурулар ауруханалары, қан орталықтары, жедел жәрдем қызметіне арналған мекемелер бой көтеретін болады. Міне, құрылысы басталғалы тұрған жаңа медициналық кешен де осы үдеден шығатыны сөзсіз», – деді министр Ақмарал Әлназарова.

Айта кетейік, бүгін ғана уақыт капсуласы қаланған көпбейінді аурухана жоғары дәлдіктегі зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін заманауи клиникалық-диагностикалық, молекулалық-генетикалық және патоморфологиялық зертханалармен де жабдықталатын болады. Сондай-ақ, ауқымды жоба цифрлық медициналық архивті, ахуалдық орталық және ішкке қарсы препараттарды автоматтандырылған жүйе арқылы дайындайтын госпитальдық фармация бөлімшесін құру көзделіп отыр.

Жалпы ауданы 45 мың шаршы метрге жуық болатын ғимараттың құрылысын 2028 жылдың екінші тоқсанында аяқтау жоспарланған.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Алматыда Президент Жолдауын іске асыру жоспары талқыланды

Қала әкімі Дархан Сатыбалды Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын іске асыру мәселесі бойынша кеңес өткізді. Жиында инфрақұрылым нысандарын салу, цифрландыру, кәсіпкерлікті дамыту және халықтың табысын арттыру жайы талқыланды.

«Мемлекет басшысы Жолдауының басты бағдары – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Біздің жұмысымыз алматылықтардың табысын арттыруға және қаладағы өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталуға тиіс», – деді Дархан Сатыбалды.

Оның айтуынша, биыл Инфрақұрылымды дамыту қорының қаражаты есебінен жалпы сомасы 238 млрд. теңге болатын 14 қалалық жобаға қолдау көрсетілді. Оның ішінде 76 млрд. теңгеге жеті әлеуметтік жоба және 161,7 млрд. теңгеге жеті инфрақұрылымдық жоба бар. Олардың қатарында медициналық мекемелер, Қазақстан гимнастика федерациясының ғимараты, коллекторлар мен «Ақсай» су тарту нысаны, метро желісін «Барлық» базарына дейін ұзарту, Солтүстік айналма көшесі, сондай-ақ Алматы тау кластерінің инженерлік инфрақұрылымы мен аспалы жолдарын салу жобалары бар.

Шаһар басшысы орынбасарларына әр жобаны жеке бақылауға алып, жұмыс кестесін әзірлеуді, құрылыс мерзімдерінің сақталуын, жұмыстың сапасы мен құнының бақылауда болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Тиісті басқармалар алдағы жылдары салынатын нысандар үшін жер телімдерін, техникалық шарттар мен жобалық құжаттаманы алдын ала дайындауы қажет», – деді Дархан Сатыбалды.

Кеңесте қала инфрақұрылымының цифрлық егізін құру мәселесіне ерекше назар аударылды. Алматы қаласы әкімінің айтуынша, ол инженерлік желілер, әлеуметтік нысандар және көлік жүктемесі туралы деректерді біріктіріп, қаланың дамуын жоспарлау кезінде пайдаланылуға тиіс. Сонымен қатар, Дархан Сатыбалды цифрлық

шешімдердің нақты тиімділігі мен оларды одан әрі күтіп-ұстауға жұмсалатын шығындарды бағалауды тапсырды.

Жол саласында Дархан Сатыбалды құрылыс пен жөндеу жұмыстарының сапасына бақылауды күшейтуді талап етті. Сондай-ақ, жаңадан төселген асфальтты қайта қазуға жол бермеу үшін жол жұмыстарын инженерлік коммуникацияларды тарту жұмыстарымен үйлестіру қажеттігін атады.

Сумен жабдықтау саласында желілердегі су шығынын азайту, цифрлық есепке алу жүйесін енгізу және автокөлік жуу орындарын қосқанда, суды қайта пайдалану жүйесіне көшу мүмкіндігін пысықтау міндеті қойылды.

Сонымен қатар, Алматы қаласының әкімі құрылыс материалдарын, металл құрылымдарын және инженерлік жабдықтар шығаратын жергілікті кәсіпорындардың тізімін жасауды тапсырды. Оның айтуынша, Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, әкімшілік кедергілерді азайту және 2027 жылы 1 қаңтардан бастап бизнесті тексеруге ұсынылып отырған үш жылдық мораторийдің шарттары бойынша ұсыныстар әзірлеу қажет.

Кеңесте Салық кодексін қолдану жайы да қаралды. Экономика және қаржы басқармасына Мемлекеттік кірістер департаментімен және кәсіпкерлермен бірлесіп, туындаған мәселелерді жинақтап, Ұлттық экономика министрлігімен ұсыныстарды пысықтау тапсырылды.

Бұған қоса, шаһар басшысы қала тұрғындарын жаңадан ашылатын жұмыс орындарына, оның ішінде инфрақұрылымдық құрылыс нысандарына жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу міндетін қойды.

Кеңес соңында Дархан Сатыбалды барлық қалалық басқармалар мен аудан әкімдеріне үш күн ішінде Президент Жолдауын іске асыру жөніндегі қалалық жоспарға ұсыныстар енгізуді тапсырды. Экономика және қаржы басқармасы әкім аппаратымен бірлесіп, бір апта ішінде жауапты тұлғалар, орындалу мерзімі мен күтілетін нәтижелер көрсетілген жиынтық құжат әзірлеуге тиіс. Ал жетекшілік ететін әкім орынбасарларына оның орындалуын тоқсан сайын бақылау жүктелді.

«Әрбір басшы бағыты бойынша нәтижеге жауап береді. Біздің жұмысымыздың басты өлшемі – нысандарды уақытылы пайдалануға беру, қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету және қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру», – деп сөзін түйіндеді Дархан Сатыбалды.

Дана САДЫРҚАН.

«АЛАСАРМА, КӨК ТУЫМ!»

25 қазан – Қазақстанның мемлекеттік егемендігі жарияланған тарихи күн. Еліміздің тәуелсіздікке бастар жолындағы маңызды кезеңді айшықтайтын Республика күніне орай Алматыдағы Медеуде мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті. Салтанатты іс-шараға қала әкімі Дархан Сатыбалды, зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері және 1500-ден астам жас қатысты.

Медеу төрінде өткен рәсім ел егемендігі мен бірлігін ұлықтап, жас ұрпақтың бойындағы отаншылдық рухты нығайтуға бағытталды.

Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов Республика күнінің ел тарихындағы орнын атап өтті. Оның сөзінше, Алматының егемендікке қол жеткізу жолындағы тарихи рөлі айрықша.

– Республика күні – еліміздегі ең атаулы мерекелердің бірі. Мемлекетіміздің қалыптасуына, егемендік алуына Алматы қаласы алғашқылардың бірі болып ықпал етті. Бүгінде бұл мереке еліміздің барлық өңірінде жоғары деңгейде аталып өтіп жатыр. Баршаңызды Республика күнімен құттықтаймын! Қазақ руханияты асқақтай берсін! – деді ол.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбектің айтуынша, мұндай іс-шаралардың елдік сананы қалыптастыруда маңызы зор. Биылғы салтанатты жиынға жастардың көптеп қатысуы да мерекенің мәнін арттыра түсті.

– Мұндай кездесулер елдігіміз бен тәуелсіздігіміздің негізін нығайтады. Жастардың бойынан патриоттық рух ерекше сезіледі. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз еңселі болсын! – деді Әзиз Қажденбек.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Вячеслав Локшин елдің тұрақты дамуы үшін ғылым, білім және мәдениеттің маңызын атап өтті. Сондай-ақ, жас ғалымдарды қолдау мемлекеттің болашағына салынған инвестиция екенін жеткізді.

– Жаңа Конституциямызда ел дамуының негізгі қозғаушы күштері ретінде мәдениет, ғылым және білім салалары айқындалған. Әсіресе, жастарды, соның ішінде жас ғалымдарды қолдау өте маңызды, – деді Вячеслав Локшин.

Академик мемлекеттік Тудың Медеуде көтерілуіне де ерекше мән берді. Оның айтуынша, бұл орынның Алматы мен тұтас ел үшін тарихи әрі символдық маңызы бар.

Республика күні – елдің егемендік жолындағы тарихи таңдауын еске салып, ұлттық бірлік пен ортақ жауапкершілікті дәріптейтін мереке. Медеуде көк байрақтың көтерілуі де осы құндылықтарды ұлықтап, тәуелсіздіктің қадірін ұғындыруға бағытталған маңызды рәсім болды.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

Республика күніне орай қала әкімі Дархан Сатыбалды Мемлекет басшысының атынан бірқатар азаматтарға марапаттарды табыс етті. Мемлекеттік марапаттар елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, мемлекеттік және қоғамдық қызметке, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосқан 89 алматылыққа табысталды.

Салтанатты рәсімнің алдында қала әкімі жиналғандарды ұлттық мерекемен құттықтап, Алматының дамуына күнделікті еңбегімен үлес қосып жүрген азаматтарға алғыс білдірді. Ол Республика күнінің тарихи маңызына тоқталып, 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылдануы елдің дербес мемлекет ретінде қалыптасуына негіз болғанын атап өтті.

– Алматының басты күші – оның тұрғындары. Олар міндетін адал атқарып, балаларға білім береді, адам өміріне араша түседі, қалалық қызметтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді, жаңа кәсіпорындар ашып, мәдениетті дамытады. Олардың жауапкершілігі мен өз ісіне деген адалдығының арқасында қаламыз дамып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашылып келеді. Еңбек адамына құрмет көрсету қоғамымыздың басты құндылықтарының бірі болып қалуға тиіс, – деді қала әкімі.

Рәсім барысында марапат иелеріне «Құрмет», «Парасат», «Айбын» ордендері, «Ерен еңбегі үшін» және басқа да медальдар табысталды. Алматы қаласы Медеу ауданындағы «Әл-Хамид» мешітінің бас имамы Асылхан қажы Өмірзақұлы «Құрмет» орденімен марапатталды. Ол ел тәуелсіздігі мен мемлекеттің дамуы ең басты құндылық екенін атап өтіп, марапатқа орай алғысын білдірді.

Жас буын өкілдері де марапатқа ие болды. «Project_Virus» экологиялық жобасының жетекшісі Дулат Набиев жастар бастамаларының еленіп, оларға қолдау көрсетілуі жаңа жобаларды жүзеге асыруға ынталандыратынын жеткізді.

Қоғамдық көлік саласының қызметкерлері де назардан тыс қалмады. «Алматыэлектротранс» қоғамдық көлік жүргізушісі Жомарт Омаров марапат алғанына қуанышты екенін айтып, қаланың дамуына өз еңбегімен үлес қосуды жалғастыратынын жеткізді.

Қала әкімдігінің мәліметінше, Алматының экономикалық көрсеткіштері де тұрақты өсіп келеді. Қала экономикасының көлемі 72 млрд. долларға жуықтап, жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім 30 мың доллардан асқан. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі екі жыл қатарынан 1 трлн. теңгеден асып отыр. Қазір қалада 15 шағын өнеркәсіптік парк жұмыс істейді, ал шағын және орта бизнес саласында 860 мыңға жуық адам еңбек етеді.

Марапаттау рәсімі соңында қала әкімі азаматтарға кәсіби шеберлігі, адал еңбегі және ел алдындағы қызметі үшін алғыс білдірді. Республика күніне орай ұйымдастырылған жиын әр салада еңбек етіп жүрген азаматтардың еңбегін бағалап, қоғамдағы жауапкершілік пен бірліктің маңызын тағы бір мәрте атап өтті.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

OPEN AIR концерті өтті

Республика күніне орай Алматыда ашық аспан астында ауқымды OPEN AIR концерті өтті. Мерекелік кеште отандық эстрада жұлдыздары мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетіп, қала тұрғындары мен қонақтарына музыкалық бағдарлама ұсынды.

Танымал өнер жұлдыздары сахнаға шыққан концертте ұлттық өнер мен заманауи музыканың үні тоғысып, сахнада танымал әндер мен дәстүрлі музыкалық туындылар орындалды.

Мерекелік кешке қала тұрғындарымен қатар шетелдік туристер де қатысты. Қытайдан келген Мэтт Республика күнін алматылықтармен бірге атап өту өзі үшін үлкен мәртебе екенін айтты. Оның сөзінше, бүгінгі мерекелік көңіл күй мен мемлекеттік ту көтеру рәсімі ерекше әсер қалдырған.

– Алматыда баршаңызбен бірге Республика күнін атап өту біз үшін үлкен мәртебе. Бүгін мемлекеттік Ту көтеру рәсіміне қатыстық. Мерекені атап өтуге ауа райы да тамаша болып тұр. Қазақ халқына ұзақ ғұмыр тілеймін! Қазақстан әрдайым тәуелсіз әрі егемен ел болып қала берсін! Жасасын, тәуелсіз Қазақстан! – деді ол.

Ал Полин есімді турист қазақ халқының өз еліне деген сүйіспеншілігі мен мақтанышына тәнті болғанын жеткізді.

– Мені қазақ халқының өз еліне деген мақтанышы ерекше әсерлендірді. Олардың Қазақстанға деген сүйіспеншілігі мен елін мақтан тұтатыны анық байқалады. Шынымды айтсам, мен өз елімде дәл осындай мақтаныш сезімін көрсете алмас едім деп ойлаймын, – деді турист. Қала тұрғындары мен қонақтарының басын қосқан мерекелік кеш Республика күнінің мәнін мәдениет пен өнер арқылы дәріптеді.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қ.МҰХАМЕДХАНОВ – 110

ХАКІМ ЖОЛЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

Саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған тағы бір көрнекті ғалымның есімі енді Алматы көшелерінің бірінде жаңғырады. Иә, белгілі әдебиеттанушы-ғалым, абайтанушы, тарихшы-архивист, ұстаз, ақын, жазушы, драматург, аудармашы, қоғам қайраткері Қайым Мұхамедхановтың есімі берілген көшенің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

– Бұл – бір көшеге есім беру ғана емес, ұлттың рухани жадын сақтауға өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның еңбегіне көрсетілген құрмет. Ғұмырын тарихи шындықты қорғауға, әдеби мұраны зерттеуге және ұлт зиялыларының есімін қайта жаңғыртуға арнаған ғалымның мұрасы бүгінгі ұрпақ үшін де маңызын жоғалтқан жоқ, – деді салтанатты іс-шарада Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы.

Биыл туғанына 110 жыл толған Қайым Мұхамедхановтың соңында қалған өлшеусіз мұрасын шаң бастырмай, ғылыми айналымға енгізіп, келер ұрпаққа аманаттап жүрген перзенті – «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы» қоғамдық ұйымының директоры Дина Мұхамедхан да бұл оқиғаны ел тарихындағы маңызды сәттердің бірі ретінде бағалады.

– Ол Абай мен Шәкәрімнің шығармаларын, Алаш қайраткерлерінің мұрасын, белгілі бір кезеңдерде тыйым салынған тұлғалардың есімдері мен өмірбаяндарын сақтап қалды. Егер Қайым Мұхамедхановтың жанкешті еңбегі болмаса, сол мұраның біразы мәңгілікке жоғалып кетуі мүмкін еді, – деді Дина Мұхамедхан.

Салтанатты іс-шара Алматы кітапханалары жүйесі өкілдерінің ұйымдастыруымен Alatau Creative Hub кітапханасында «Қайым Мұхамедханов – ұлт руханиятының шамшырағы» әдеби-сазды кешпен жалғасты. Қазақ ұлттық өнер академиясының студенттері ұсынған театрландырылған көрініс іс-шараның көркін қыздырған ерекше сәттердің бірі болды. «Алатау» дәстүрлі өнер театрының актерлары арнайы поэтикалық композиция аясында ғалымның өлеңдері мен оған арналған жыр шумақтарын мәнерлеп оқып, жиналған қауымға ерекше рухани әсер сыйлады.

Ал белгілі айтыскер ақын, «Алтын домбыра» иегері Рүстем Қайыртайұлы ғалымның рухына арнап жүрегінен шыққан арнауын орындаса, Естайдың әйгілі әні «Құсни – Қорланды» Нұрболат Исаев, Абайдың «Сегіз аяғын» Талғат Әбуғазы әуелетті.

Көпшілік назарына Қ.Мұхамедхановтың ғибратты ғұмырынан, оның замандастарымен, Алаш арыстарының көзін көрген тұлғалармен түскен сирек және тарихи фотосуреттері ұсынылды. Және де қонақтар кітап көрмесіндегі ғалымның қаламынан шыққан іргелі еңбектермен, оның текстологиялық зерттеулерімен және абайтану ғылымына қосқан құнды мұраларымен кеңінен танысты. Көрмеге мазмұнды библиографиялық шолу жасалды.

Қайым Мұхамедханов өз дәуірінде ұлт жадынан өшірілу қаупі төнген мұраларды сақтап қалуға күш салды. Ал бүгінгі ұрпақтың міндеті – сол мұраны танып-білу, зерттеу және келер буынға аманаттау. Ғалым есімімен аталатын көшенің ашылуы осы сабақтастықтың үзілмеуіне үлес қосары сөзсіз. Ардақты тұлғаның атындағы көше «Алматы Арена» көпсалалы мұз кешенінің дәл жанында, Бауыржан Момышұлы көшесімен қиылысып жатыр.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

С.АСЫЛБЕКҰЛЫ – 75

ҚАЛАМГЕР, ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ

Абай университетінде жазушы-драматург, филология ғылымының докторы, профессор-ұстаз Серік Асылбекұлының 75 жас мерейтойы аталып өтті. Әдеби кешке белгілі ғалымдар қаламгерлер, университет ұстаздары мен студенттер жиналды.

Кеш барысында Абай университеті аппарат басшысы, профессор Ж.Ішпекбаев мерейтой иесіне ректордың Алғыс хатын тапсырып, кеудесіне Абай төсбелгісін тақты. Қатысушылар С.Асылбекұлының туған жерден басталған педагогикалық жолы, жазушы-драматург болып қалыптасуы, ғылымға келуі жайында салиқалы әңгімелер айтты.

Еңбек жолын Қазалы ауданында мұғалімдіктен бастаған Серік Асылбекұлы, қаламгерлік сапарын Алматыда жалғастырды. Алғашқы әңгімелерінен-ақ, Жазушылар одағы ұйымдастырған жабық бәйгелерді жеңіп алған ауыл мұғалімі қаламгерлік жолын Алматыда жалғастырған. «Жалын» баспасында редакторлық ете жүріп, проза мен драматургияда жемісті шығармаларын жарыққа шығарды. «Түнгі қаланың әні» әңгімелер мен повестер жинағы, бірнеше томдық проза жинағы жарық көрсе, бірқатар пьесалары театрларда қойылды.

Бір дәуірдегі әдеби толқынның көрнекті өкілі ретінде Серік Асылбекұлының шығармалары қаламгерлер ортасынан да өзінің жоғары бағасын алған болатын. Айталық, жазушы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сафуан Шаймерденов: «80-жылдардағы жазушылардың ішіндегі ұнайтындары – Серік Асылбеков, Дидахмет Әшімжанов және Мархабат Байғұтов. Серік жазушылықты жақсы бастады, әсіресе, әңгімелер жанрында жақсы көрінді («Қазақ әдебиеті», 26 қазан, 2990 ж.)», – деген пікірі сол кездегі әдеби қауымның ортақ бағасы деуге болатын.

С.Асылбекұлы прозамен қатар драматургияда да соны із қалдыра білді. Оның «Империядағы туған күн кеші», «Күзгі романс» пьесалары бәйге жеңімпазы болып, «Желтоқсан желі» (Бір түннің оқиғасы) драмасы 1998 жылдан бері театрларда үздіксіз қойылып келеді. С.Асылбекұлы драматургиясы Қазақстан, Қырғызстан театрларында тұрақты қойылымда. Автордың «Желтоқсан желі» драмасында Қазақстандағы зұлмат жылдар бір-бірімен байланыстыра баяндалады.

Кеш иесі, сондай-ақ, Абай атындағы ҚазҰПУ-да ұстаздық етіп, бірнеше ғалым тәрбиелеген тәлімгер. «Қазақ мәдениеті – Қазақ мемлекетінің жүрегі», «Қазақ повесі» (Генезис, эволюциясы, поэтикасы), т.б. монографиялардың авторы.

Нұрлан СҮЙІН.

А.ЖҰМАДІЛДАЕВ–70

Көлік кілтіне ие болды

Алматыда көрнекті математик, академик Асқар Жұмаділдаевтың 70 жылдық мерейтойына орай физика және математика пәндерінің жас мұғалімдері арасында өткен қалалық олимпиаданың жеңімпаздары марапатталды. Байқауға қаланың 75 мектебінен 115 жас педагог қатысып, олардың 45-і жүлделі орындарға ие болды. Олимпиаданың екі Гран-при иегеріне автокөліктің кілті табысталды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясында өткен салтанатты рәсімді Академия президенті Ақылбек Күрішбаев ашты. Ол жас ұрпақтың ғылымға қызығушылығын оятып, дарынды оқушыларды тәрбиелеуде мұғалімдердің орны ерекше екенін атап өтті.

– Кез келген ғылымның негізі мектеп қабырғасынан қаланады. Сондықтан өскелең ұрпақты ғылымға баулып, дарынды шәкірттер тәрбиелеп жүрген ұстаздардың еңбегі айрықша құрметке лайық, – деді Ақылбек Күрішбаев.

Академия президентінің айтуынша, жастарды ғылымға тарту, ғылыми кадрлар даярлау және олардың кәсіби әлеуетін арттыру – мекеме қызметінің басым бағыттарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, үздік жас педагогтердің Ұлттық ғылым академиясында марапатталуы білім мен ғылым арасындағы байланысты нығайтудың маңызын көрсетеді.

Олимпиаданың басты ерекшелігі – жеңімпаздардың кәсіби жетістігіне берілген жоғары баға. Математика пәнінен №208 мектеп-гимназияның мұғалімі Еркегүл Шынарбек 38 ұпай жинап, Гран-при иегері атанды. Ал физика пәнінен №126 мамандандырылған лицейдің мұғалімі Айсана Советхан 16,5 ұпаймен үздік нәтиже көрсетті. Екі педагогке де Changan автокөлігінің кілті табысталды.

Бұдан бөлек, бес мұғалім бірінші орын, 12 педагог екінші орын, 26 қатысушы үшінші орын иеленді. Нәтижелер Алматы мектептерінде кәсіби білімі мен пәндік дайындығы жоғары жас мамандар буыны қалыптасып келе жатқанын аңғартады.

Қалалық олимпиада жас мұғалімдердің білімін саралап қана қоймай, тәжірибе алмасуына, кәсіби шеберлігін жетілдіруіне және өз мүмкіндіктерін жаңа деңгейде көрсетуіне жол ашты. Сонымен қатар, үздік педагогтерді марапаттау ұстаз еңбегінің қоғамдағы маңызын айқындап, білім беру саласындағы кәсіби ынтаны арттыруға бағытталған.

Байқаудың академик Асқар Жұмаділдаевтың 70 жылдық мерейтойымен сабақтасуы да кездейсоқ емес. Қазақ математика ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымның өмір жолы мен ғылыми ізденісі жас ұрпақ үшін үлгі. Оның «Қазақтың байлығы жердің астында емес, жердің үстінде. Балалардың басында» деген сөзі білім мен адам капиталының ел болашағындағы орнын дәл аңғартады.

Шын мәнінде, ғылымға бастар жол мектептен басталады. Ал оқушының бойындағы қабілетті танып, білімге деген қызығушылығын оятатын – ұстаз. Сондықтан жас педагогтердің кәсіби жетістігін бағалау мен қолдау білім сапасын арттыруға ғана емес, елдің зияткерлік әлеуетін нығайтуға да қызмет етеді.

Рая ЕСКЕНДІР.

САРАП–ТІМЕ

ТЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢГЕ ТҰТАС БАҒДАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы 28 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы ел дамуының жаңа кезеңіне арналған тұтас бағдар ұсынды. Құжаттың негізгі өзегі – саяси жаңғырудан кейін экономиканың нақты секторын күшейту, инфрақұрылымды жаңарту және технологиялық өзгерісті халықтың күнделікті өміріне жеткізу. Бұл жолы жекелеген салаларға ғана емес, мемлекеттің жұмыс істеу тәсіліне өзгеріс енгізу міндеті қойылды. Сондықтан Жолдаудың нәтижесі бөлінетін қаржының көлемімен емес, шешімдердің сапасы және азаматтар сезінетін нәтижемен өлшенбек.

Жолдаудың негізгі арқауы

Жолдаудың саяси мазмұнын түсіну үшін оның жарияланған уақытына назар аудару қажет. Қазақстан Жаңа Конституцияны қабылдап, билік институттарын қайта құру кезеңіне өтті. Саяси жүйенің өзгеруі енді әлеуметтік және экономикалық мазмұнмен бекітілуге тиіс. Президенттің инфрақұрылымға айрықша көңіл бөлуі осы қажеттіліктен туындайды. Яғни реформаның келесі кезеңі заңдар мен институттарды жаңартумен шектелмей, елдімекендердің, өндірістің және күнделікті тіршіліктің нақты жағдайын өзгертуге бағытталып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, «Халықтық құрылыс» бастамасы Жолдаудың негізгі арқауына айналды. 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен, 6,5 триллион теңге бөлу, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және көлік нысандарын жаппай салу көзделген. Бұл тек құрылыс саласын қолдау шарасы емес. Бағдарлама ішкі сұраныстың арттырып, шағын және орта кәсіпке тапсырыс беруге, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңірлердегі экономикалық белсенділікті күшейтуге тиіс.

Мұнда маңызды саяси ұстаным бар. Мемлекет әлеуметтік мәселені жәрдемақы тарату арқылы уақытша жұмсартудан азаматтың өз еңбегімен табыс табуына мүмкіндік беретін орта қалыптастыруға көшпек. Мектеп, аурухана, жол, су және энергия желілері шығынның ғана емес, адам капиталы мен іскерлік белсенділіктің алғышарты ретінде қарастырылады. Президент әлеуметтік мемлекетті төлемдерге тәуелділікпен емес, тұрмыс сапасымен байланыстыру арқылы бұрынғы патерналистік тәсілге сын айтты.

Алайда, ауқымды құрылыс өздігінен экономикалық серпіліс әкелмейді. Қаражат тиімсіз жұмсалса, бағдарлама инфляцияны күшейтіп, импортты арттырып, сапасыз нысандардың көбеюіне алып келуі мүмкін. Сондықтан Жолдауда құрылыс материалдарын, металл конструкцияларын және инженерлік жабдықтарды ел ішінде өндіру талабы қойылды. Ұлттық қор арқылы импортты қаржыландыруға жол бермеу жөніндегі ұстаным да осыдан шығады.

Бағдарламаның нәтижесі өңірлік саясатқа да байланысты. Әр облыс бір ғана кәсіпорынға немесе шикізат саласына тәуелді болып қалмауы керек. Негізгі өндірістің маңында білім, қолданбалы ғылым, логистика, қызмет көрсету және технологиялық кәсіпкерлік қатар дамыса ғана жергілікті экономика орнықты болады. Сондықтан қала инфрақұрылымының цифрлық сыңарын әзірлеу, ірі қалалардың орта және ұзақ мерзімді даму жоспарын жасау тапсырмалары жай техникалық шара емес. Олар ретсіз құрылыстың орнына дерекке негізделген аумақтық саясат қалыптастыруға бағытталған.

Көлік пен энергетикаға арналған міндеттер де осы экономикалық жүйенің бөлігі. Қазақстан құрлықтағы дәліздердің маңызы артқан кезеңде Еуразияның логистикалық орталығына айналуға ұмтылып отыр. Бірақ транзиттің ел аумағынан өтуі жеткіліксіз. Жүк ағынын ұйымдастыратын отандық операторлар, қойма және бөлу орталықтары, көлік тораптарының маңындағы өндірістер қажет. Сол сияқты, цифрлық экономика мен жаңа өнеркәсіп тұрақты қуат көзінсіз дамымайды. Сондықтан Президенттің мемлекеттік аппаратқа қойған 2029 жылға қарай электр энергиясын артығымен өндіру міндетін қойды.

Экономикадағы икемділік

Жолдаудың екінші ірі бағыты – мемлекеттің экономикадағы рөлін қайта белгілеу. Бір жағынан, мемлекет инфрақұрылымға мол қаржы салып, ұзақ мерзімді жобаларды бастайды. Екінші жағынан, тек бюджетке сүйену кәсіпкерлік белсенділікті әлсіретіп, масылдықты күшейтетіні ашық айтылды. Сондықтан мемлекет қаражаты жеке инвестицияны ығыстырмай, оған кепіл және қозғаушы күш болуы керек. Мұндай тепе-теңдік сақталмаса, ауқымды бағдарлама мемлекеттік шығынға тәуелді қысқа мерзімді өсіммен аяқталуы ықтимал.

Осы талап шағын және орта бизнеске қатысты тапсырмалардан анық көрінеді. Кәсіпкерлерді мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алуға көбірек қатыстыру, орта бизнесті ұзақ мерзімге қаржыландыру, тексерулерге үш жылдық мораторий енгізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылды. Президент бизнесті қорғауды ұлттық экономиканың дербестігімен байланыстырды. Бұл жерде мәселе кәсіпкерге жеңілдік беруде емес, тұрақты ереже мен әділ бәсеке орнатуда. Импорттық тауардың құнын қолдан төмендету немесе отандық өндірушінің нарыққа шығуына тосқауыл қою экономикалық саясаттың әлсіздігін ғана емес, мемлекеттік мүддеге қайшы әрекетті білдіреді.

Салық және қаржы саясаты да жаңа міндеттерге бейімделмек. Жаңа Салық кодексіндегі қайшылықтарды түзету, бизнестің артық жүктемесін азайту және жоғары табысы бар азаматтарға сараланған мөлшерлеме енгізу мүмкіндігін зерделеу тапсырылды. Мұндағы негізгі өлшем әділеттілік пен болжамдылық болуы тиіс. Себебі, Салық жүйесі жиі өзгерсе, инвестиция тежеледі. Ал қоғам салық ауыртпалығының әділ бөлінгеніне сенбесе, реформаның заңдылығына күмән туады.

Цифрлық технология – табыс құралы

Жолдауда цифрландыруға берілген баға да сындарлы сипатта болды. Қазақстанда электронды қызметтер мен цифрлық инфрақұрылым дамыған. Дегенмен, цифрландыру көбіне бұрынғы үдерістерді автоматтандыру деңгейінде қалып отыр. Сондықтан Президент ұсынған «Халықтық цифрлық экономика» ұғымы технологияны күнделікті тұтыну құралынан еңбек пен табыс табудың тетігіне айналдыруды көздейді. Ауылда немесе қалада тұратынына қарамастан, азаматтың смартфон арқылы заңды жұмыс істеуіне жағдай жасау, жасанды интеллектіні өндіріс пен мемлекеттік басқаруға енгізу осы бағыттың нақты мазмұнын құрайды.

Дегенмен, технология мемлекеттік аппараттың сапасын өздігінен арттырмайды. Қағаз есепті электронды платформадағы есеппен алмастыру бюрократияны жоймайды. Сондықтан Президент Үкіметтен бастап ауыл әкімдігіне дейінгі басқару құрылымын қайта қарауды, қайталанатын міндеттер мен артық рәсімдерді қысқартуды тапсырды. Осыған орай Үкіметке 2027 жылғы 1 маусымға дейін кешенді жоспар әзірлеуді тапсырды.

Жалпы алғанда, 2026 жылғы Жолдау Қазақстанның саяси жаңғырудан экономикалық және басқарушылық жаңғыруға өтуін айқындады. Оның басты ерекшелігі – инфрақұрылым, өндіріс, энергетика, цифрландыру, бизнес және әлеуметтік саясатты бірбірінен бөлек қарастырмай, ортақ даму жүйесіне біріктіруге ұмтылуында. Endігі негізгі мәселе бастамалардың көптігінде емес, орындалу тәртібінде. Қаржының қайда және қалай жұмсалғаны ашық көрсетіліп, жобалар кәсіби сараптамадан өтіп, жауапты тұлғалар нақты нәтиже үшін есеп берсе ғана «Халықтық құрылыс» елді жаңғыртатын ұзақ мерзімді саясатқа айналады.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

Бауыржан ИМАНҒАЛИЕВ,
Алматы қаласы Саяси қуғын-сүргін құрбандары қауымдастығының төрағасы, ҚР Мәдениет қайраткері:

Ел сенімі нығая түсті

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ел дамуының жаңа тарихи цикліне арналған стратегиялық бағыттар мен нақты тапсырмалар айтылды.

Жолдаудың негізгі тезистерінде инфрақұрылымдық үлкен бетбұрыс, салық саясатын жеңілдету, мұғалімдер мәртебесі мен білім сапасы, экономикалық көрсеткіштер мен қорлар логистикалық әлеует және мемлекеттік институттардың жаңғыруы сынды маңызды бағыттар қамтылды.

Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес, елде бұрын-соңды болмаған Инфрақұрылымдық жаңғыру жоспары әзірленеді. Тұрғын үй, жол, құрылыс, әлеуметтік және инженерлік желілерді салу мақсатында 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен, 6,5 триллион теңге бөлінбек.

Сондай-ақ, 2027 жылдың алғашқы айларына дейін әлеуметтік жобаларды жедел іске қосуға 1,5 триллион теңге қарастырылғалы отыр. Бұл халық табысын арттыратын нақты жобалар мен ел экономикасын алға ілгерілететін маңызды қозғаушы күшке айналмақ.

Сонымен қатар, Жаңа Салық кодексі бизнеске артық жүктеме түсірмеуі керек деген маңызды мәселені алға шығарды. Кәсіпкерлер үшін екіұшты нормалар мен қайшылықтар жойылып, салық заңнамасы тұрақтандырылады. Мұғалімдер мәртебесі және білім сапасы да қоғам назарындағы тақырыптың бірі болатын. Сонымен қатар, мектептерде мұғалімдерге күш көрсету немесе тіл тигізу фактілеріне қатысты жауапкершілік күшейтіліп, Оқу-ағарту министрлігіне бұл мәселені қатаң бақылауда ұстау тапсырылды.

Өңдеу өнеркәсібінің ішкі жалпы өнімдегі (ІЖӨ) үлесі 14 пайыздан асты. Алтын-валюта резервтері мен Ұлттық қордың жиынтық активтері 130 миллиард доллардан асып, елдің қаржылық тұрақтылығы беки түсті. Бұл еліміздің алдағы дамуына деген халықтың сенімін нығайтары анық. Сонымен қоса, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің елдің логистикалық әлеуетін арттыруға да баса мән беріп отыр. Қазақстанды Еуразияның басты көлік-логистикалық торабына айналдыру және теміржол желілерін дамыту басымдық ретінде қалады.

Президент бұл кезеңді Тәуелсіздіктің 35 жылдығымен байланыстыра отырып, басты мақсат – келесі ұрпаққа тек қаржылық жинақ қана емес, заң үстемдігі мен жоғары технологияға негізделген Әділетті және Прогрессивті Қазақстанды аманаттау екенін атап өтті.

ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕМДЕГІ ҚОРҒАНЫС

Қалада жеке деректерді қорғау, интернет-алаяқтықтың алдын алу және жұмыс орнындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне арналған «Кибергигиена – цифрлық әлемдегі қорғаныс» атты іс-шара өтті. Кездесу Almaty Hub алаңында Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Қазір смартфон арқылы төлем жасап, мессенджермен хат алмасып, түрлі онлайн-сервисті пайдалану күнделікті дағдымызға айналды. Алайда, цифрлық мүмкіндіктер кеңейген сайын интернеттегі қауіп-қатер де көбейіп келеді. Бір қарағанда зиянсыз көрінетін сілтемені ашу, бір парольді бірнеше аккаунтқа қолдану немесе бейтаныс адамға жеке мәліметтерді беру кибералаяқтардың құрбанына айналдыруы мүмкін. Сондықтан цифрлық сауаттылықпен қатар, жеке деректерді қорғау мәдениетін қалыптастыру да маңызды. Іс-шара барысында Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы Нұрқанат Сәбитұлы цифрлық технологияларды қауіпсіз пайдаланудың маңызына тоқталды.

– Цифрлық ортаның дамуы цифрлық сауаттылықтың артуымен қатар жүруі керек. Тұрғындардың заманауи технологияларды пайдаланып қана қоймай, олармен байланысты тәуекелдерді түсінуі, жеке деректерді қорғаудың негізгі қағидаларын білуі және цифрлық қатерлерге қарсы әрекет ете алуы маңызды. Кибергигиена мәдениетін қалыптастыру – Алматының қауіпсіз цифрлық ортасын дамытудың маңызды бөлігі, – деді ол.

Кездесуде киберқауіпсіздік саласының мамандары цифрлық кеңістіктегі қауіптердің түрлері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндірді. Кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығының (ЦАРКА) Red Team бағыты бойынша жоба менеджері Айдын Ходжамьяров цифрлық гигиена және жеке деректерді қорғау мәселелерін қозғады. Ол сенімді парольдерді қолдану, екі факторлы аутентификацияны қосу, әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстарды қауіпсіз пайдалану жөніндегі мәселелерді қамтыды.

Ал Kaspersky компаниясының Қазақстан, Орталық Азия және Моңғолиядағы мемлекеттік органдармен жұмыс жөніндегі жетекшісі Әсет Ордабаев телефон алаяқтығының кең таралған тәсілдеріне тоқталды. Қатысушылар күмәнді қоңырауларды, дауыстық және SMS-фишингті анықтау жолдарымен танысты. Сондай-ақ, алаяқтардың жеке ақпаратты иемдену үшін қолданатын әдістері мен күмәнді әрекеттерді аңғартатын белгілер туралы ақпарат алды.

Іс-шарада жеке пайдаланушылардың қауіпсіздігімен қатар, ұйымдардағы ақпаратты қорғау мәселесі де назардан тыс қалмады. MSSP.GLOBAL компаниясының Citizensec.kz жобасының жетекшісі Гүлдана Жұматай жұмыс орнындағы цифрлық сауаттылық пен корпоративтік қауіпсіздіктің байланысын түсіндірді.

Баяндамада қызметкерлердің ақпаратты қорғаудағы жауапкершілігі, әлеуметтік инженерия әдістері, зиянды бағдарламалар және есептік жазбалардың ұрлануы секілді қауіптер қарастырылды. Өйткені, ақпараттық қауіпсіздік тек техникалық құралдарға емес, әр қызметкердің цифрлық ортадағы әрекетіне де байланысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – тұрғындардың цифрлық қауіптер туралы түсінігін кеңейтіп, жеке өмірі мен жұмыс барысында қауіпсіздік қағидаларын ұстануға ынталандыру. Мамандардың ұсынымдары цифрлық кеңістікте сақтық танытудың, күмәнді ақпаратты тексерудің және жеке деректерге жауапкершілікпен қараудың маңызын көрсетті.

Дана САДЫРҚАН
(Сурет: автор).

Бала амандығы – қоғам борышы

Алматыда ел Президентінің «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы аясында «Құқықтық дәріхана» атты ауқымды акция өтті. Акцияны Алматы қаласы және Алматы облысының Балалар құқығын қорғау басқармалары бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шараның басты мақсаты – балалардың құқықтық сауаттылығын арттырып, оларға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және отбасылық қауіпсіздікті нығайту. Акция барысында тұрғындарға білікті мамандар тарапынан тегін құқықтық кеңестер беріліп, балалардың қауіпсіздігі мен ата-аналардың жауапкершілігі туралы ақпараттық брошюралар мен парақшалар таратылды.

Сондай-ақ, қатысушылар викториналар мен интерактивті ойындарға белсене қатысып, түрлі құқықтық жағдаяттарды талқылады. Балалар мен ата-аналар өздерін толғандырған сұрақтар мен ұсыныстарын арнайы орнатылған «Тілек пен ұсыныс жәшігі» (сенім жәшігі) арқылы анонимді түрде жеткізуге мүмкіндік алды. Алматы қаласы Балалардың құқығын қорғау басқармасының басшысы Жанат Айтпаева сөз алып, іс-шараның маңыздылығына тоқталды.

– Қазіргі таңда отбасының тыныштығы мен баланың қауіпсіздігі бәрімізүшін ең маңызды мәселе. Кейде бір ауыз дұрыс кеңестің өзі қиын жағдайдан шығуға жол көрсетіп, үлкен көмек береді. Осы мақсатта ұйымдастырылған «Құқықтық дәріхана» акциясы балалар мен ата-аналарға көкейкесті сұрақтарына жауап алып, қажетті құқықтық қолдау табуға жан-жақты мүмкіндік берері сөзсіз, – деп атап өтті.

Ал Алматы облысы Балалар құқығын қорғау басқармасының құқықтық бөлімінің бас маманы Мадияр Шарапов бір күн ішінде 150-ден астам ата-ана мен баланың әртүрлі мәселелер бойынша жүгінгенін тілге тиек етті. Мысалы, біреулер мұғалім мен оқушы арасындағы келіспеушіліктерді қалай шешу керек екенін сұраса, кейбір балалар мектептегі сабақ жүктемесінің тым көптігіне шағымданған көрінеді. Жиын соңында мекеменің бас маманы барлық тиісті органдар арқылы шешілуі тиіс мәселелерді арнайы жазып алғанын жеткізді.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кері әсерін тигізіп, азаматтардың мемлекетке деген сеніміне нұқсан келтіретін қазіргі қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысына сәйкес жүзеге асырылып жатқан «Болашақ – сыбайлас жемқорлыққа қарсы» жобасы аясында «Ақпараттық-ресурстық орталық» қоғамдық қоры Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментімен бірлесіп, осы бағытта ақпараттық-түсіндіру және профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жүргізуде. Жобаның негізгі бағыттары – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру, сондай-ақ адалдық пен парасаттылық құндылықтарын кеңінен насихаттау.

Жоба аясында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында арнайы ақпараттық постерлер әзірленді. Ақпараттың халыққа түсінікті әрі қолжетімді болуы мақсатында материалдар қазақ және орыс тілдерінде, төрт түрлі дизайн нұсқасында дайындалды.

Постерлерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, заң талаптарын сақтауға, адалдық пен әділдік қағидаттарын ұстануға, сондай-ақ қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды ақпарат қамтылған.

Дайындалған ақпараттық материалдар Алматы қаласындағы мемлекеттік мекемелерге таратылып, азаматтар мен мемлекеттік қызметшілерге қолжетімді орындарға орналастырылды. Түрлі дизайнда әзірленген постерлер арқылы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне жол бермеу, заңды құрметтеу және әр азаматтың қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіну қажеттігі кеңінен насихатталуда.Мұндай ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының негізгі мақсаты – азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру. Себебі, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі.

Адалдық, әділдік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын мүлтіксіз ұстану арқылы ғана қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлықтан ада ортаны қалыптастыруға болады. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» деген ұстаным әрбір азаматтың санасында берік орнығуы тиіс. Осы бағыттағы профилактикалық және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады.

М.ЖАБАЕВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы.

«MADE IN ALMATY»:

Мегаполистің өндіріс қуаты қандай?

Қала экономикасында зауыттар мен фабрикалардың орны айрықша. Шаһарда автокөлік құрастырып, дәрі-дәрмек шығарып, жиһаз жасап, азық-түлік пен құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындар жұмыс істейді. Күнде қолданып жүрген өнімдердің артында тұтас өндірістік тізбек тұр. Алматының өнеркәсібі қандай бағыттарға мамандanған? Қай салалар қаланың өндірістік әлеуетін қалыптастырады? Жауап іздеп көрдік.

Өңдеу саласы – басты драйвер

Өнеркәсіптің басты бағыттарын бірнеше салаға бөліп қарастыруға болады. Олардың қатарында машина жасау, азық-түлік өндірісі, сусындар шығару, фармацевтика, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары мен жеңіл өнеркәсіп бар. Алайда, әр саланың ерекшелігі бар. Бірі тұтынушылардың күнделікті сұранысын қамтамасыз етсе, енді бірі экономиканың басқа секторларына қажетті өнім шығарады. Шаһардың өндірістік әлеуеті туралы сөз болғанда машина жасау саласын айналып өту мүмкін емес. 2025 жылы Алматыда машина жасау өндірісінің көлемі 1,055 триллион теңгеге жетті. Бұл – өңдеу өнеркәсібі өнімінің шамамен, 49 пайызы.

Машина жасау бағытындағы маңызды кәсіпорындардың бірі – Hyundai Trans Kazakhstan автозауыт. Алматының Индустриялық аймағында орналасқан кәсіпорын жеңіл автомобильдерді құрастырумен айналысады. Ең қызығы, былтыр қаланың машина жасау саласы 1 триллион теңгеден астам өнім өндірді.

Мегаполистің өнеркәсіптік келбетін қалыптастыратын тағы бір бағыт – азық-түлік өндірісі. Мұнда кондитерлік өнімдер, өсімдік майы, сүт және ет өнімдері, нан-тоқаш өнімдері мен түрлі сусын шығарылады.

Аталған саладағы танымал кәсіпорындардың қатарында «Лотте Рахат», «Масло-Дел», «Бижан», «Беккер және К», «Алматынан» және «Евразиан Фудс Корпорэйшн» бар. Олардың өндірістік бағыттары әртүрлі болғанымен, ортақ ерекшелігі – күнделікті тұтынуға арналған тауарлар шығару. Мысалы, «Лотте Рахат» кондитерлік өнімдер өндіруге мамандanған. «Масло-Дел» сүт және май өнімдерін, ал «Бижан» ет өнімдері мен жартылай фабрикаттар шығарады. «Алматынан» нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер өндірісімен айналысады.

Ішкі нарықтан экспортқа дейін

Азық-түлік өнеркәсібінің тағы бір артықшылығы – оның тұтынушымен тікелей байланысы. Автокөлік немесе өндірістік жабдықты сатып алу жиілігі төмен болса, азық-түлікке деген сұраныс құлдырамайды. Сондықтан бұл бағыттағы кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуі қала экономикасы үшін маңызды.

Фармацевтика дәрілік препараттар мен медициналық мақсаттағы өнімдерді шығарса, химия өнеркәсібі түрлі химиялық өнімді өндіруді қамтиды. Бұл бағыттар халықтың денсаулығын сақтау, тұрмыстық қажеттіліктерді өтеу және басқа өндірістерді қажетті материалдармен қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды.

Шаһарда құрылыс материалдарын өндіру де өнеркәсіптің маңызды бағыттарының бірі саналады. Бұл салаға цементтен бөлек, өзге де бейметалл минералдық өнімдер жатады. Құрылыс материалдарының өндірісі тұрғын үй, коммерциялық ғимараттар мен инфрақұрылым нысандарын салу кезінде қажет болатын өнімдерді жеткізуге мүмкіндік береді. Дегенмен, Алматыда шығарылатын өнімдердің барлығы тек қаланың өзінде пайдаланылмайды. Өндіріс көлемі мен нақты өткізу нарығы екі бөлек көрсеткіш болғандықтан, қаладағы кәсіпорындардың өнімдері қай өңірлерге жеткізілетінін анықтау үшін кәсіпорындардың сату және жеткізу географиясын зерттеу қажет.

Қаланың өндірістік әлеуетін халықаралық нарықтағы нәтижелер арқылы да бағалауға болады. 2025 жылы Шанхайда өткен China International Import Expo көрмесінде «Made in Almaty» брендімен он алматылық кәсіпорын өз өнімдерін таныстырды. Қала әкімдігінің мәліметінше, көрме қорытындысында Қытай нарығына өнім жеткізуге қатысты жалпы сомасы 10 миллиард теңгеден асатын экспорттық келісімдер жасалған. Бұл – жергілікті өндірушілердің сыртқы нарыққа шығуға ұмтылып отырғанын көрсететін мысал.

Дана САДЫРҚАН.
Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Қала көшелерін жарықтандыру жұмыстары жалғасып жатыр. Медеу ауданында жыл басынан бері бұрын жарық болмаған 43 учаске қамтылды. Жоба аясында 244 бағана мен 303 жарық шамын орнату көзделген. Жарықтандыру желілерінің жалпы ұзындығы 8,3 шақырымнан асады.

Көшелер жарықтанды

Қазір бірқатар учаскеде жұмыс аяқталып, қалған аумақтарда шамдар орнатылып жатыр. Олардың қатарында Құлжа тас жолынан Талғар тас жолына дейінгі Тексай өзенінің бойы, Шевченко көшесі, 28-үй, Монтажник көшесі, 36-үй, Тополевая көшесінің Есенберлин көшесінен Орманов көшесіне дейінгі бөлігі, «Сұлусай» шағынауданы және Медеу көшесі, 11 мекенжайындағы баспалдақ бар.

Бұған дейін жарық болмаған Қасым Қайсенов көшесіне де жаңа шамдар орнатылды. Мұнда 21 бағана, оның ішінде екі қос иінді бағана және 23 жарық шамы орнатылды. 900 метр өздігінен көтергіш оқшауланған сым тартылып, қолданыстағы сымның бір бөлігі ауыстырылды.

Бұл жұмыстар жүргіншілер мен жүргізушілердің қауіпсіздігін арттырып, кешкі және түнгі уақытта жүріп-тұруға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ГҮЛЗАРЛАР ҚАЛАСЫ

5 миллионға жуық гүл мен раушан бұтасы егілді

Осы жазда Алматыдағы гүлмен безендірілген аумақтың көлемі 410 мың шаршы метрден асты. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 77%-ға көп. Біржылдық гүлдердің саны 2,7 миллионнан 4,3 миллионға, ал раушан бұталарының саны 125 мыңнан 580 мыңға дейін артты. Бұл туралы «Eco Almaty» ЖШС мамандары айтты.

Ең ірі гүлзарлар Есентай өзенінің жағалауында (20 мың шаршы метр), Сайран су қоймасының бойында (15 мың шаршы метр) және Halyk Arena маңында (7 мың шаршы метрден астам) жасалды.

Биылғы жаңашылдықтардың бірі – алма, ау, қар барысы мен тауыс пішініндегі тірі өсімдіктерден жасалған көлемді композициялар. Олар қаланың көркін арттырып, тұрғындардың ықыласына бөленді. Соның бірі – Есентай өзенінің жағалауында орнатылған биіктігі 2,5 метр, ұзындығы 30 метр болатын тауыс бейнесіндегі гүл композициясы.

Өсімдіктерді іріктеу кезінде Алматының климаттық ерекшеліктері, олардың төзімділігі мен гүлдеу мерзімі ескерілді. Көгалдандыру жұмыстарының қызған шағында өсімдіктерді күтіп-баптауға күн сайын 400-ден астам маман мен 140-тан астам техника жұмылдырылды.

Күз түскен соң маусымдық гүлдерді жинау және қала аумақтарын келесі көгалдандыру маусымына дайындау жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР

пайдалануға берілді

Әлеуметтік инфрақұрылымдардың кемелдене түсуі өңірлердің әртүрлі саладағы қызметінің дамуына серпін береді. Алматы қаласы әкімдігі мегаполистегі білім беру инфрақұрылымдарын, әлеуметтік орталықтарды дамыту мәселесіне баса мән беріп келеді. Жақында ғана бір ауданның өзінде үш бірдей жаңа әлеуметтік нысан пайдалануға беріліп, Республика күніне тамаша тарту жасады. Мәселен, Наурызбай ауданында 880 орынды үш жаңа мемлекеттік балабақша қолданысқа берілді.

Атап айтқанда, «Құрамыс» шағынауданында 320 орынды №203 бөбекжай-балабақша, «Нұрлы Дала» тұрғын үй кешенінде 320 орынды №204 бөбекжай-балабақша және «Достық» шағынауданында 240 орынды №207 бөбекжай-балабақша өз жұмысын бастады. Балабақшалар желісін кеңейту Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мектепке дейінгі ұйымдардағы орын тапшылығын азайту және тәрбие мен оқыту сапасын арттыру жөніндегі тапсырмалары аясында жүзеге асырылып жатыр.

№203 бөбекжай-балабақша директоры Маруан Саудабаеваның айтуынша, құрылысы 2024 жылы басталған нысан бүгінде қолданысқа берілді. Мұнда жергілікті тіркеуі бойынша жақын маңдағы үйлердің балалары 2 жастан бастап қабылданып жатыр.

– Жалпы ауданы 2,5 мың шаршы метр болатын балабақша 320 балаға арналған. Қазір 13 топ жинақталды. Мекемеде 26 тәрбиеші, 13 көмекші, сондай-ақ психолог, педагог, логопед сынды мамандар жұмыс істейді. Ғимарат барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған, сыртында үлкен заманауи ойын алаңы бар, – деді директор.

«Құрамыс» шағынауданының тұрғыны Асылзат Тәжіхан балалары үшін жақын маңнан балабақша ашылғанына қуанышты екенін айтып, ағынан жарылды.

– Менің 3 балам бар, оның екеуі балабақшаға барады. Бұрын балаларым баратын мекеме алыста еді, оларды жеткізуге қиналатынбыз. Сондықтан тұрғын үйіміздің жанынан қажетті ғимарат салынып, балабақша ашылғанына қуаныштымыз. Дәл осы маңда мектеп те бар. Емхана да салынып жатыр, – деді тұрғын.

Жалпы 2026 жылдың басынан бері Алматыда 60 жаңа мектепке дейінгі ұйым ашылған. Оның ішінде 1890 орынды 9 мемлекеттік балабақша және жеке инвестициялар есебінен 3361 орынды 51 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым бар. Сонымен қатар, жұмыс істеп тұрған жекеменшік балабақшаларды кеңейту нәтижесінде қосымша 723 орын ашылды. Әзірленген қажеттілік картасына сәйкес, 2030 жылға дейін қалада жалпы жобалық қуаты 16 200 орынды тағы 48 балабақша салу қажет. Аталған нысандарға арналған жер учаскелері Алматы қаласының Бас жоспарында қарастырылған. Алдағы жылға бірінші кезекте 18 балабақша салу қажеттілігі айқындалды.

Тәулік бойы жұмыс істейтін орталық

Мерекеге орай қалада қолданысқа берілген нысандардың бірі – Бостандық ауданы, Розыбакиев көшесі, 247/7 мекенжайында орналасқан алғашқы тәулік бойы жұмыс істейтін комьюнити-орталық. Мұнда жастар тәуліктің кез келген уақытында білім алып, жобасымен айналысып, контент жасап, пікірлес жандармен таныса алады. Бұл қалалық инфрақұрылымды тәулік бойы қолжетімді етуге бағытталған «Ұйықтамайтын қала» тұжырымдамасын жүзеге асыру жолындағы нақты қадамдардың бірі. Бұған дейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыны тәулік бойы тіршілігі тоқтамайтын қала ретінде дамыту міндетін айқындаған болатын.

Жаңа орталықтың салтанатты ашылуына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов қатысты. Ол орталықтың мүмкіндіктерімен танысып, жаңа нысанның іске қосылуы қала әкімі Дархан Сатыбалдының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан жастар орталықтары желісін кеңейту жұмыстарының бір бөлігі екенін атап өтті.

Нысанның жалпы ауданы – 450 шаршы метр, 3 қабаттан тұрады. Мұнда жастарды кәсіби дамыту және жұмысқа орналастыру, экологиялық бастамалар, IT білім беру, шығармашылық пен бос уақытты тиімді ұйымдастыруға арналған кеңістіктер қарастырылған. Одан бөлек, жастар орталығында Қалалық мансап орталығы, подкаст-студия, Media Room, Game Dev Zone, Eco Hub кабинеттері, коворкинг және басқа да функционалдық аймақтар жұмыс істейді. Сондай-ақ, ғимаратта күту бөлімі, үстел ойындары бөлімі, психолог пен заңгер кабинеті, кеңес беру кабинеті, презентация залы, амфитеатр бар. Аталған комьюнити-орталық қала бойынша он үшінші және тәулік бойы жұмыс істейтін алғашқы жастар орталығы.

– Қазіргі өмір ырғағы әлдеқашан таңғы тоғыздан кешкі алтыға дейінгі қалыпты жұмыс кестесімен шектелмейді. Студенттер түнде емтиханға дайындалады, жас кәсіпкерлер сабақтан кейін стартап жобаларымен айналысады, ал шығармашылық мамандық иелері көбіне шабытты түн ортасынан кейін табады. Жаңа комьюнити-орталық дәл осындай жастар үшін уақыт идеясын дамытуға және жүзеге асыруға кедергі болмайтын орынға айналуға тиіс, – деді Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Шығармашылық жандар кеңістігі

Алматыда музыка мен креативті индустрия өкілдеріне арналған Almaty Studios шығармашылық кеңістігі ашылды. Қала әкімдігінің қолдауымен жүзеге асқан жобаның бастамашысы – музыкант, композитор, A'STUDIO тобының жетекшісі Байғали Серкебаев. Жаңа орталықта ән жазуға, репетиция жасауға, бейнетүсірілім жүргізуге және концерт ұйымдастыруға мүмкіндік бар.

Студияның ашылу салтанатында қызыл лента қиылып, қонақтар шығармашылық кеңістіктің жұмысымен танысты. Аумағы 521,7 шаршы метрді құрайтын орталықта дыбыс жазу студиясы, репетиция залдары, оқу сыныптары, түсірілім павильоны және шағын концерт залы орналасқан. Мұнда музыканттардан бөлек, білім алушылар мен бейнеөндіріс саласының өкілдері де жұмыс істей алады.

Жобаның қалай пайда болғанын түсіндірген Байғали Серкебаевтың айтуынша, студия құру идеясы үш жылдан астам уақыт бұрын туындаған. Сол кезде қала әкімдігі креативті орталық ашуға конкурс жариялап, команда жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік алған.

«Сәулетші, дыбыс режиссері және әріптестеріммен бірге кеңістіктің тұжырымдамасын ойластырып, жоспар құра бастадық. Бүгін студияның ашылу салтанатын өткізіп отырмыз. Қуаныштымын, аздап толқып та тұрмын», – деді ол. Музыканттың сөзінше, орталықтың басты ерекшелігі – бірнеше бағытта жұмыс істеуге бейімделгені. Мұнда дыбыс жазып қана қоймай, дәрістер, шеберлік сабақтары, кездесулер мен концерттер өткізуге болады. Дегенмен, студияның негізгі бағыты музыка жазу ісімен байланысты.«Ең басты ерекшелігі – кеңістікті түрлі мақсатқа бейімдеуге болады. Бірақ негізгі бағытымыз, әрине, дыбыс жазу студиясы. Ол әлемдік дыбыс жазу индустриясының жоғары стандарттарына сай жабдықталған» – деді Б.Серкебаев. Оның айтуынша, алдағы уақытта орталықта вокал курстарын ашу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, дарынды жастарды іріктеп, тыңдалым ұйымдастыру, кәсіби мамандардың қатысуымен шеберлік сабақтары мен дәрістер өткізу көзделген. Жоба бастамашысы жас орындаушыларға шығармашылық қабілетін шыңдап, өз туындыларын көпшілікке ұсынуға жағдай жасауды мақсат етеді.

Мұндай кеңістік музыкаға қызығатын жастардың басын қосып, жаңа есімдердің танылуына жол ашады. Байғали Серкебаев студияның табиғат аясында орналасуы да шығармашылыққа қолайлы орта қалыптастыратынын атап өтті. Оның сөзінше, айналадағы әсемдік пен жайлы атмосфера музыканттарға жаңа идеялар табуға ықпал етуі мүмкін.

Almaty Studios алдағы уақытта музыкалық жобалар жүзеге асатын, жас орындаушылар білім алып, тәжірибе жинақтайтын және кәсіби мамандармен байланыс орнататын шығармашылық алаңға айналуды көздейді. Орталықтың жұмысы қазақстандық музыканы дамытуға және талантты орындаушылардың танылуына мүмкіндік бермек.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МӘСЕЛЕ

ChatGPT емдей ме?

Қазір ЖИ күнделікті өміріміздің айнымас бір бөлігіне айналып кетті. Адамдар одан тек ақпарат іздеп қана қоймай, денсаулығына қатысты сұрақтарға да жауап алуға тырысатын болған. Яғни бір жері ауырса, түшкіріп-пысқырып қалса да, дереу ChatGPT-ді ашып жіберіп, одан бұл қандай ауру болуы мүмкін екенін және қандай дәрі қабылдауға болатынын сұрайтындар көбейді. Осы тақырып төңірегінде Алматы қаласы №4 клиникалық ауруханасының терапевт-дәрігері Диана СҮНДЕТҚЫЗЫМЕН сұхбаттастық.



– Көпшіліктің «ЖИ»-ге жиі сүйенетіні жасырын емес. Дәрігер ретінде мұндай үрдіске қалай қарайсыз? Бұл қаншалықты дұрыс?

– Ол рас, қазір адамдардың көбі өзін мазалап жүрген сауалдың жауабын жасанды интеллекттен, соның ішінде кең таралған ChatGPT-ден, чат-боттардан іздейді. Мен бірақ медицина мәселесінде бұл үдерісті қолдамаймын. Иә, ЖИ жауап бере алады, бірақ нақты диагноз қоя алмайды. Себебі, ол адамның денсаулық жағдайын толық бағалауға қауқарсыз.

– ЖИ ұсынған дәріні қабылдау қаншалықты қауіпті?

– ЖИ интернет желісінен кез келген дәріні белгілі бір симптомдар үшін ұсынуы ғажап емес. Алайда, бұл чат-бот айтты екен деп іше беруге болады деген сөз емес, керісінше ауруыңыз асқынып кетуі немесе басқа ауруларға жол ашып беруі мүмкін. Себебі, ЖИ науқастың жеке ерекшеліктерін, мысалы, жасын, салмағын, қосымша ауруларын, аллергиясы бар-жоғын және тағы да басқа жағдайын ескермейді. Бұл оның медицинадағы басты кемшіліктерінің бірі. Сондықтан жаңсақ диагноз бен белгісіз дәрінің соңы адам өлімімен аяқталуы әбден мүмкін. Көп жағдайда жасанды интеллекттің өзі нақты жауап үшін дәрігерден кеңес алуыңызды ескертеді.

– Неліктен адамдар дәрігерден гөрі ChatGPT-ге жүгінуді таңдайды?

– Себебі, адамдар тез шешіле қалатын, әрі жеңілірек көмек жолын іздейді. Оның үстіне дәрігерге бару үшін алдымен уақыт пен мүмкіндік керек болады. Кейбіреуіміз жұмысбастылығымызды немесе сабақтан босай алмайтынымызды сылтауратып жатамыз. Тіпті, қаражат жетіспеушілігі де кедергі тудыруы мүмкін. Сондықтан дәрігер алдына барып кезекке тұру немесе жазылуды емес, әрқашан қолжетімді, әрі кез келген жерде тез жауап беретін ЖИ көмегін оңтайлы көреді.

– Адам жасанды интеллекттің жауабына сеніп, ауруын жеңіл деп ойлап, медициналық көмекке кеш жүгінуі мүмкін бе?

– Иә, ЖИ-дің клиникалық тәжірибесі жоқ. Науқасты көрмей тек оның қойған сұрақтарына тікелей жауап береді, ал адам сол арқылы дәрі ішіп емделуге көшеді. Соның салдарынан науқас өзінің денсаулығына немқұрайлы қарап, ауру асқынған кезде медициналық көмекке жүгінуі мүмкін.

– Сіздің тәжірибеңізде ChatGPT-дің «айтқанымен» емделіп, салдарынан денсаулығына зиян келіп, амалсыз сіздерге жүгінген оқиғалар болды ма?

– Иә, алғашқыда науқаста дене қызуы жоғарылаған. Мұны суықтап қалдым, тұмау тиді деп ойлаған. Дәрігерге барудың орнына жасанды интеллекттен көмек сұрап, өз бетінше дәрі қабылдап, нәтижесінде жағдайы күрт нашарлаған. Сонда ғана дәрігердің алдынан табылған. Медициналық тексеруден өткен науқасқа асқынған өкпе қабынуы диагнозы қойылды. Мұндай жағдайлар әлі де қайталанып келеді. Алғашында өте жеңіл көрінетін симптомдардың артында өмірге қауіпті дерт жатуы мүмкін. Осыны ескеріп жүрсек екен деймін.

– Жалпы, ChatGPT-ді денсаулыққа қатысты қандай мақсатта пайдалануға болады? Оны негізінде көмекші құрал ретінде серік етуге бола ма?

– ChatGPT-ді жалпы ақпараттық, білім беру мақсатында қолдануға болады. Бірақ ескеретін жайт, ЖИ сіздің медициналық көмекшіңіз емес, ол тек ақпараттық бағыт-бағдар беретін құрал екенін есте сақтаған жөн. ChatGPT-ді салауатты өмір салты, физикалық белсенділік, ұйқы сапасын реттеу және күрделі медициналық терминдерді түсіну үшін пайдалануға болады. Ал емдеу жоспарын жасау, диагноз қою үшін дәрігердің көмегіне жүгінген абзал. Денсаулықпен «ойнауға» болмайды.

– Келешекте ЖИ медициналық көмектің сапасын арттыра ма, әлде адамдардың өзін-өзі емдеу үрдісін күшейте ме?

– Болашақта жасанды интеллект ең алдымен медициналық көмектің сапасын арттыруға, дәрігерлердің жұмысын жеңілдетуге бағытталады. Қанша жерден ЖИ ақпараттық құрал болғанымен, тәжірибелі, білікті дәрігердің орнын баса алмайды. Технология тек науқастың қазіргі жағдайын бақылай отыра, аурудың өршуін алдын ала болжауына немесе денсаулықты бақылауға көмектесе алады.

– Пайдалы сұхбатыңызға рахмет!

(Сурет: ЖИ-дің көмегімен автор).

БРИФИНГ

Инсультке жастар да шалдығады

Шаһарда барлық сегіз ауданды да қамтитын бес инсульт орталығы жұмыс істейді. Олар осы заманғы диагностикалық және операциялық жабдықпен қамтамасыз етілген.

Қалада инсультті емдеудің заманауи әдісі, соның ішінде тромболизис пен тромбты механикалық жолмен алып тастау да бар. Орталықтарда пациенттерге тәулік бойы неврологтар, реаниматологтар, нейрохирургтер мен басқа да мамандар көмек көрсетеді. Инсультті қалай білуге болатыны, Алматыда пациенттерге қандай медициналық көмек көрсетілетіні және ауру қаупін қалай азайтуға болатыны туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте дәрігерлер айтып берді. Былтыр қаладағы инсульт орталықтарында 4757 пациент емделген. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда, 200 адамға көп.

«Ишемиялық инсульт кезінде, егер пациент ауруханаға «терапиялық терезе кезеңінде» жеткізіліп, тиісті көрсетілім болса, алғашқы 4,5 сағат ішінде тромболизис жүргізілуі мүмкін. Бұл – тромбты ерітуге арналған ем. Ірі қан тамыры бітелгенде, жекелеген жағдайда тромбты механикалық жолмен алып тастайтын операция жасалады. Қан құйылу кезінде дәрі-дәрмекпен емдейді, қажет болса нейрохирургиялық операция жүргізіледі», – деп түсіндірді №7 қалалық клиникалық ауруханаының инсульт бөлімшесінің дәрігер-неврологы Ақжол Әріпхан.

Дәрігерлердің айтуынша, инсульт егде жастағы адамдарда ғана болмайды. Әлемдік дерек бойынша, жаңадан тіркелген науқастардың шамамен, 15%-ы 15 пен 49 жас аралығындағы адамдар, пациенттердің жартысынан астамы 70 жасқа толмағандар екен.

«Инсульт қаупін артериялық қан қысымының жоғары болуы, қант диабеті, холестерин деңгейінің жоғарылауы, жүрек ырғағының бұзылуы, темекі шегу, артық салмақ пен қозғалыстың аздығы арттырады», – деді Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас инсультологы, №7 қалалық клиникалық ауруханаының инсульт бөлімшесінің меңгерушісі Жанна Дүйсембаева.

Инсульттің негізгі белгісі – беттің кенеттен қисаюы, дененің бір жағындағы қол мен аяқтың әлсіреуі немесе ұюы, сөйлеудің бұзылуы, көру қабілетінің нашарлауы мен тепе-теңдікті жоғалту.

Дәрігерлер FAST ережесін есте сақтауға кеңес береді. Егер адамның беті қисайып, бір қолы әлсіреп, сөйлеуден қалса, дереу 103 нөміріне қоңырау шалу қажет. Белгінің қашан басталғанын есте сақтап, медицина қызметкерінің нұсқауынсыз пациентке өз бетінше дәрі-дәрмек, тамақ пен су беруге болмайды. Белгісі өздігінен басылып қалса да, міндетті түрде медициналық көмекке жүгінген жөн. 40 жастан кейін қан қысымын үнемі өлшеп, қандағы қант пен холестерин деңгейін тексеріп, жүрек ырғағын бақылап отыру керек.

Елімізде 40 пен 76 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер жүрек-қан тамыры ауруы мен қант диабетін ерте анықтау үшін екі жылда бір рет скринингтен өтеді. Сондай-ақ, 50 мен 76 жас аралығындағы ер адамдарға ми қан айналымы бұзылысының қаупін анықтауға арналған тексеру жүргізіледі. 2026 жылдың басынан бері 50 жастан асқан 82 мыңнан астам ер адам осындай тексеруден өткен. Олардың шамамен бес мыңында немесе 6%-ында бас пен мойын тамырының тарылғаны анықталыпты. Дәрігерлердің тағы бір айтқаны – инсульттен кейін оңалтуды уақытында бастап, дәрігердің тағайындауын орындап отыру керек.

«Жиі кездесетін қателіктердің бірі – пациенттің жағдайы жақсарған кезде тағайындалған дәріні ішуді тоқтатуы. Бұл қайталама инсульт қаупін арттырады. Осыны ескерген абзал», – деді Ақжол Әріпхан.

ЭКОЖОБА

Қала емханаларында пайдалану мерзімі өткен дәрілерді бөлек жинауға арналған контейнерлер орнатылған. Былтыр жаздан бері бір жыл ішінде тұрғындар осы контейнерлерге 1200 келіге жуық дәрі-дәрмек тапсырған.

Дәріні далаға тастамаңыз

Бұл туралы «Eco Almaty» ЖШС мамандары мәлімдеді. Жиналған қалдықтар қауіпсіз жолмен жоюға жіберілді. Жобаны ECO Network экологиялық қауымдастығы фармацевтикалық компаниясымен бірлесіп жүзеге асырып келеді. Жарамдылық уақыты өткен дәрі-дәрмек жинау пункттерінің жұмысын бағалауға студенттер де қатысты. Еріктілер мегаполистегі 34 емхананы аралап, тұрғындардың жоба туралы хабардар болуын және медицина қызметкерлерінің бастамаға қатысу белсенділігін бағалады. Тексерілген емханалардың 70%-дан астамы жоғары нәтиже көрсеткен.

Еске салайық, шілде айында дәрі-дәрмек жинау бойынша №1 емхана көш бастап, 79,5 келі қалдық жинады. Үздік бестікке №23 емхана – 71,45 келі, №4 емхана – 70,2 келі, №17 емхана – 66,6 келі және №12 емхана 65,6 келі көрсеткішпен енді. Мерзімі өткен дәрілерді бөлек жинау қоршаған ортаның ластану қаупін азайтуға көмектеседі. Тұрмыстық қоқысқа тасталған немесе кәріз жүйесіне төгілген дәрілік заттар топыраққа сіңіп, суды да ластауы мүмкін. Сондықтан жоба өкілдері аталған істің халықтың амандығы, денсаулығы үшін қолға алынғандығын айтады.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын сайлауға қатысты №2, 5, 10, 20 бір мандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының хабарламасы

2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлауға қатысты №2, 5, 10, 20 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссиялары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 104-бабы 6-1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Округ	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)	Тіркелу күні
2	Дарменов Бакыткали Жанасович	1968	Төраға, «Жанас» шаруа қожалығы, Алматы қ., «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	28.10. 2026
5	Тлебалганов Диас Романович	2006	Заңгер көмекшісі, «Pactum Verny» заң компаниясы ЖШС, Алматы қ., «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	23.10. 2026
10	Шоланов Талгат Корганбаевич	1975	Төраға, «КТК Хан Тенгри», ММИБ, Алматы қ., партиясыз, қазақ	28.10. 2026
20	Тавли – оглы Айша Каевна	1972	Операциялық директор, «Кузнецов» ЖК, Алматы қаласы, партиясыз, күрд	28.10. 2026

2026 жылғы 29 қазан

«ТЕҢ МҮМКІНДІК»

Бірегей біліктілік орталығы

Қаламыздағы №1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжінде «Білім негізі» бастауыш білім беру құзыреттілік орталығы мен «Тең мүмкіндік» инклюзивті білім беру орталығы ашылды.

Іс-шара барысында Сингапур, Малайзия, Швеция, Финляндия және АҚШ елдерінде халықаралық тағылымдамадан өткен колледж оқытушылары өздерінің шетелден үйреніп келген тәжірибелерін ортаға салды. Олар заманауи педагогикалық тәсілдер мен білім беру үдерісін жетілдіру жолдары жөнінде ой бөлісті. Әсіресе, тәжірибеге бағдарланған оқыту, білім алушының жеке ерекшелігін ескеру, педагогтің кәсіби дербестігін дамыту және инклюзивті ортаны жетілдіру мәселелері қазіргі педагогикалық білім беру үшін өзекті екенін баса айтты.

«Білім негізі» деп аталатын бастауыш білім беру құзыреттілік орталығы болашақ бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге, заманауи оқыту әдістерін меңгеруге және теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға бағытталған. Мұндай орта болашақ маманның кәсіби дағдыларын дамытуға, педагогикалық ізденісін қалыптастыруға және еңбек нарығының талаптарына бейімделуіне мүмкіндік береді. Ал аты айтып тұрғандай, «Тең мүмкіндік» инклюзивті білім беру орталығы әрбір баланың жеке ерекшелігі мен қажеттілігін ескеретін, қолдауға және түсіністікке негізделген білім беру мәдениетін дамытады. Өйткені, инклюзия білім беру ұйымының ғана міндеті емес, ол қоғамның адамға деген құрметін, жауапкершілігін және ізгілік ұстанымын айқындайтын құндылық. Осы тұрғыдан алғанда, екі орталықтың ашылуы болашақ мамандардың кәсіби көзқарасын қалыптастыруға және білім алушыларға тең мүмкіндік ұсынуға бағытталған жүйелі қадам.

– Біздің мақсатымыз – әлемдік тәжірибені ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, бәсекеге қабілетті педагог даярлау және әрбір білім алушының әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орта қалыптастыру, – деді колледж директоры Мағишат Тасқалықызы.

Айтса айтқандай, қазіргі педагогикалық білім берудің негізгі міндеті халықаралық тәжірибенің тиімді тұстарын зерделей отырып, оларды ұлттық білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне сай қолдану. Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігімен қатар, адамгершілік ұстанымы, шығармашылық ізденісі және әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарай білуі маңызды. «Білім негізі» және «Тең мүмкіндік» орталықтарының жұмысынан біз осындай міндеттердің өзара сабақтастығын көреміз. Бірі – бастауыш білім берудің сапасын арттыруға және педагогтің кәсіби шеберлігін дамытуға бағытталса, екіншісі, білім беру үдерісінде әрбір баланың мүмкіндігін ескеруге, қолдау мәдениетін қалыптастыруға жол ашады. Біз үшін білім алушының жетістігі тек оқу нәтижесімен өлшенбейді.

Халықаралық тәжірибемен танысу педагогтерге білім беру үдерісіне жаңаша көзқараспен қарауға, тиімді әдістерді саралауға және оларды отандық білім беру кеңістігінде қолдану мүмкіндіктерін анықтауға жол ашады. Әсіресе, тәжірибеге бағдарланған оқыту, білім алушының жеке ерекшелігін ескеру, педагогтің кәсіби дербестігін дамыту және инклюзивті ортаны жетілдіру мәселелері қазіргі педагогикалық білім беру үшін өзекті.

Қаламыздағы педагог мамандар дайындап отырған №1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжіндегі бұл бастамалар педагогикалық білім берудің мазмұнын жаңғыртуға, кәсіби ынтымақтастықты кеңейтуге және болашақ мұғалімдерді заман талабына сай даярлауға бағытталып отыр.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ИНКЛЮЗИЯ

Мемлекет басшысы 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялағаны белгілі. Бұл цифрлық жаңғыру мен технологиялық даму бағытындағы стратегиялық басымдықтың бірі. Алматыдағы №166 бөбекжай-балабақшада өткен семинар осы бағыттағы жұмыстардың мектепке дейінгі білім беру саласында да қолға алынып жатқанын көрсетті.

Жаңашыл бастамаға қолдау

Шаһарда бүлдіршіндердің қолымен салынған суреттері жасанды интеллект көмегімен 3D-голограммаға айналды. Мәселен, бүлдіршіндер бейнелеген қағаз бетіндегі түрлі-түсті балықтар, дельфиндер мен тасбақалар суасты әлемінде еркін қозғалып, балақайларға ерекше әсер сыйлады. Тың тәжірибе балабақшада өткен интерактивті семинарда көпшілік назарына ұсынылды.

«Су астындағы суреттер әлемі» атты шеберлік сабағында балалар теңіз жануарларының суретін салып, түрлі түске бояды. Артынша олардың еңбегі арнайы цифрлық құралдардың көмегімен қозғалыстағы 3D-бейнелерге айналды. Балақайлар өз қолдарынан шыққан туындыларды танып, таңқалыстарын білдіріп жатты. Мұндай формат балаларға өз қиялындағы бейнелерді жаңа қырынан көруге мүмкіндік беріп қана қоймай, виртуалды әлемде қалай көрініс табатынын да бақылап отырды.

– Технология тәрбиешіге қызмет етуі керек. Жасанды интеллект сабаққа қажетті материалдарды тезірек дайындауға, оқу процесін түрлендіруге және балалардың жеке ерекшеліктерін ескеруге көмектеседі. Кез келген жаңалықтың тиімділігі оны қаншалықты орынды қолдануға байланысты. Сондықтан жаңа құралдарды тәжірибеде сыналған педагогикалық әдістермен ұштастыруға мән береміз, – дейді №166 балабақшаның меңгерушісі Альмира Атханова.

Жасанды интеллектінің мектепке дейінгі білім берудегі мүмкіндіктері әлемнің бірқатар елінде кеңінен зерттеліп жатыр. Мәселен, Сингапурда роботтарды балалардың эмоцияларды тануына арналған сабақтарға қатыстырса, Қытайда ойын арқылы оқытудың жаңа тәсілдері, Финляндияда балалардың сөйлеу дағдыларын жетілдіретін роботтар әзірленуде.

«Білім беру саласында нәтижемен қатар, жаңашылдыққа ұмтылу, іздену және тәжірибе алмасу да маңызды. Балабақшалардың өздері бастама көтеріп, әріптестеріне үлгі болатын жұмыстар атқарып жатқаны қуантады. Мұндай тәжірибелердің кеңінен таралуы мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді», – деді Білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің басшысы Мираш Доскеева.

Аталмыш іс-шараны ұйымдастырушылардың пікірінше, жасанды интеллект тәрбиешінің орнын басуға емес, оның еңбегін жеңілдетуге арналған. Бұл ретте цифрлық құралдарды қолданғанда баланың жас ерекшелігі мен оқу-тәрбие жұмысының талаптарын ескеру қажет.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КӨҢІЛ АЙТУ

Алматы қаласының Мәслихаты VI, VII шақырылымдары Алматы қаласы мәслихатының депутаты, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің экс-төрағасы, Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты Махамбет Қабдулқайырұлы Хасеновтің әкесі

Қабдулқайыр Төлегенұлы ХАСЕНОВТІҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ALMATY AQPARAT

Бас директордың міндетін уақытша атқарушы
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕККЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

КӨРМЕ

«АСПАНМЕН АСТАСҚАН ШЫҢДАР»

Алматы музейінде отандық альпинизм мен тау туризмінің тарихына арналған көрме ашылды. Тағылымды іс-шараны Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Алматы қаласы музейлер бірлестігі мен Алматы альпинистер дайындау орталығы ұйымдастырды.

Көрменің ашылу салтанатына кәсіби альпинистер, тау спортының ардагерлері, тау гидтері және қала тұрғындары қатысты. Экспозицияға 1930 жылдардан басталған альпинистік қозғалыс, Кеңес дәуіріндегі тау спортының дамуы, алғашқы қазақстандық әйел альпинистер және архивтік құжаттар, тарихи фотосуреттер мен сирек жәдігерлер қойылды. Сондай-ақ, келушілер назарына әйгілі спортшылардың жеке заттары мен шыңдарды бағындыру кезінде пайдаланған тарихи жабдықтар ұсынылды.

Эверест шыңын бағындырған алғашқы қазақстандық альпинист Қазбек Валиев отандық альпинизмнің тарихына аз-кем тоқталып өтті.

– *Қазақстанда альпинизм спорт түрі ретінде өткен ғасырдың 30-жылдарының басында Комсомол шыңына алғашқы альпинистеріміздің көтерілуімен басталды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Медеудің жоғарғы жағындағы Горный сад аумағында тау атқыштары мен альпинистерді даярлайтын арнайы мектеп жұмыс істеді. Белгілі альпинист Ерванд Ильинский басқарған бұл мектеп Кавказдағы шайқастарға қатысқан мыңдаған жауынгерді даярлап шығарды. Соғыстан кейін Қазақстан альпинизм клубы құрылды. Олар Хан Тәңірі шыңына алғашқылардың бірі болып көтерілген еді. Ал 1950 жылдары отандық спортшылар «Жеңіс» шыңына шығуға тырысты, алайда 1955 жылы ауа райының күрт бұзылуына байланысты қайғылы жағдай орын алып, альпинистер қаза тапты. 1970 жылдардың басынан 1990 жылдарға дейінгі аралық Қазақстанда альпинизмнің өте қуатты дамыған «алтын ғасыры» болды,* – деп еске алды ол.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Құдайбергенқызының айтуынша, көрмеге альпинизм тарихына қатысты жүзден астам жәдігер қойылған.

«Алматы – Алатаудың баурайында орналасқан, табиғаты ерекше қала. Оның мың жылдық тарихынан сыр шертетін археологиялық жәдігерлер де аз емес. Иә, спорттың қай түрі болсын қажырлы еңбек пен төзімді талап етеді. Ал альпинизмді таңдаған спортшылар биік шыңдарды бағындыру үшін батылдық танытып, қауіп-қатерге қарамастан алға ұмтылады. Олардың қайсарлығы мен табандылығы құрметке лайық. Бұл көрменің мақсаты – альпинизм тарихын таныстырумен қатар, осы салада еңбек еткен спортшылардың жетістігін насихаттау және жастарға үлгі ету», – дейді.

Айта кетейік, еліміздегі альпинизм тарихы 1930 жылғы 17 шілдеде Кіші Алматы шыңына жасалған алғашқы ресми сапардан бастау алады. Ал 1936 жылы Алматыда республикалық альпинистер клубының құрылуы бұл спорттың жүйелі дамуына жол ашты. Көрме экспозициясы отандық альпинизмнің өркендеуіне үлес қосқан Евгений Колокольников, Борис Студенин, Ерванд Ильинский, Валерий Хрищатый, Қазбек Валиев, Мақсұт Жұмаев, Василий Пивцов сияқты аңызға айналған тұлғалардың ерлігі мен еңбегіне арналды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ФЕСТИВАЛЬ

ШАҺАРҒА ШАТТЫҚ СЫЙЛАҒАН ҚУЫРШАҚТАР

Өткен аптада «Almaty Puppet Festival – 2026» IV халықаралық қуыршақ театрлары фестивалі өтті. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры ұйымдастырған фестивальге 11 елден 14 театр ұжымы, 150-ден қуыршақ шебері қатысты.

2023 жылдан басталған фестиваль биыл төртінші рет ұйымдастырылды. Оған Түркия, Ресей, Италия, Франция, Иран, Молдова, Әзербайжан, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан театрлары қатысты. Елімізден Астана, Қостанай және Жетісай қалаларының ұжымдары өнер көрсетті.

Төрт күн бойы көрермендер ұлттық театр дәстүрімен, қуыршақтарды жүргізу тәсілдерімен және режиссерлік шешімдерімен танысты. Кәсіби қауымдастық үшін фестиваль тәжірибе алмасуға және ұсынылған қойылымдардың көркемдік ерекшелігін талқылауға арналған алаңға айналды.

Ашылу салтанатында Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры робот-қуыршақты таныстырды. Фестивальде әр мемлекет өздерінің дайындап келген қойылымдарын сахналады. Ал байқауды кәсіби қазылар алқасы бағалады. Құрамында театртанушы, өнертану кандидаттары мен профессорлар бар қазылар алқасына театртанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жуасбек төрағалық етті.

«Үздік спектакль» аталымындағы Гран-при Мұса Жангазиев атындағы Қырғыз мемлекеттік қуыршақ театрына берілді. «Үздік режиссер» номинациясы Татар мемлекеттік академиялық «Экият» қуыршақ театрына; «Үздік актерлік ансамбль» аталымы Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театрына»; «Үздік қуыршақ жүргізуші» аталымы «Izvorasul Vesel» қуыршақ театрына; «Үздік суретші» аталымы Александр Цуцунава атындағы кәсіби мемлекеттік драма театрына; «Жаңашыл көзқарас» аталымы «Тохот» театрына табысталды.

«Almaty Puppet Festival – 2026» IV халықаралық қуыршақ театрлары фестивалі көрермендерді заманауи қуыршақ өнерінің сан алуан түрімен және әртүрлі театр мектептерінің шығармашылық жетістіктерімен таныстырды. Фестиваль театр ұжымдары арасындағы кәсіби байланысты нығайтуға, режиссура, сценография және қуыршақтарды басқару салаларында тәжірибе алмасуға ықпал етті.

Дана САДЫРҚАН.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ	€ EUR/KZT 508,42 теңге	$ USD/KZT 457,09 теңге	₽ RUB/KZT 5,67 теңге	¥ CNY/KZT 68,56 теңге